



# Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldyqorghan-online.kz  
e-mail: taldyk@bk.ru



№ 11 (1853)

Бейсенбі, 20-наурыз 2025 жыл Республикалық қоғамдық-саяси газеті

## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ СИМВОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзі



ҰЛТТЫҚ  
ҚҰРЫЛТАЙ

Бұрабай, 2025 жыл

### Қадірлі қауым!

Бүгін – Амал күні. Сондықтан баршаңызды шын жүректен құттықтаймын.

Бұл күн – Өз-Наурыздың бастауы. Еліміздің төл мерекесі биыл да қасиетті Ораза айына орайлас келіп отыр.

Қастерлі мейрамдарымыз халқымызды игі амалдар жасауға үндейді. Асыл қасиеттерімізді кеңінен дәріптейді.

Құрылтайдың ұлық мерекелермен қатар өтіп жатқаны жақсылықтың нышаны деп ойлаймын.

Осыдан үш жыл бұрын наурыз айында арнайы Жолдау жарияладым. Оны жақсы білесіздер.

Елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформа жасайтынымызды айттым. Сол кезде алғаш рет Ұлттық құрылтай туралы бастама көтердім.

Үш жылдың ішінде Қазақстан жаңа тұрпатты ел болды. Саяси реформалар жан-жақты өзгерістер жасауға мүмкіндік берді. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыры кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Адам құқықтарын қорғау жүйесі жақсарды. Конституциялық сот құрылды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың белсенде қатысуына жол ашылды. Басқа да бағыттарда маңызды реформалар жасалды. Жергілікті билік түбегейлі жаңғыртылды.

Үш жылдан астам уақыт ішінде ауыл әкімдерінің 72 пайызы жаңарды. Оның үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар.

Бір сөзбен айтсақ, аймақтардағы атқарушы билікке жаңа адамдар келіп жатыр.

Пилоттық жоба ретінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың 45 әкімі сайланды.

Биылдан бастап барлық аудан әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды.

Түрлі деңгейдегі мәслихат сайлауы өкілді билік органдарының жұмысына тың серпін берді. Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен, яғни тікелей дауыс беру арқылы сайланды.

Билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс бұрын-соңды болмады.

Ел ішіндегі өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосты. Жұртымызды ортақ мақсатқа ұйыстырып, игі істерге жұмылдырды.



Алқалы жиын алғашқы күннен бастап жалпыхалықтық жаңғырудың символына айналды. Қоғамдық диалогтың жаңа үлгісі қалыптасты. Өзара түсіністік пен құрмет бар жерде келісім болады. Құрылтайдың түпкі мақсаты да – осы.

Кешеден бері Ұлттық құрылтай мүшелері көптеген бастама көтеріп жатыр. Қоғамымыздың ең өзекті мәселелері жөнінде қызу талқылау өтті.

Құрылтай мүшелері, шақырылған мамандар бұл мәселелер бойынша өз ұсыныстарын айтты.

Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігінің өкілдері, Парламент депутаттары көптеген сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасуға белсенді түрде қатысты.

Баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Енді бірқатар мәселеге арнайы тоқталып өткім келеді. Ең алдымен қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты пікірімді айтайын.

Салық жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттің жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Бұл туралы жаңа ғана белгілі экономист Жақсыбек Құлқасымов жақсы айтып өтті.

Сондай-ақ Құрылтай мүшелері Қайырбек Арыстанбеков, Марат Башимов, Ерлан Саиров, Расул Рысмамбетов және Мұрат Әбеннов салық-бюджет мәселесіне қатысты орынды пікір білдірді.

Еліміз үшін аса қажет шаралардың

мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек.

Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек.

Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды.

Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген.

Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсіністікпен қарайды.

Дегенмен ұсынылған шараларға, соның ішінде, қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалады. Бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмеген.

Түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес.

Ал Қазақстанның бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде.

Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз. Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, әсіресе, алаяқтыққа жол берілмейді.

Сондықтан басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық.

Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру керектігін біржола анықтап алуға тиіс.

Қазақстанда түрлі салық режимі, көптеген жеңілдіктер мен преференциялар бар. Оның бәрі елімізде салық офшоры сияқты ахуал қалыптастырды.

Кәсіпкерлердің екі негізгі тобы пайда болды. Олар – заңнамадағы олқылықтарды пайдаланып, салық салынатын табысын өзі үшін азайтып көрсететіндер және барлық салықты адал төлейтіндер.

Кәсіпкерлердің осы екінші тобы бәсекеге төтеп бере алмай жатыр.

Үкімет салық төлеуден жалтару үшін бизнесін бөлшектейтіндердің әрекетіне орынды назар аударды. Өкінішке қарай, мұндай жағдай жаппай белең алған.

Жалғасы 2-3-бетте. ►

### «НАУРЫЗНАМА» АЯСЫНДА

## ШАҢЫРАҚ КҮНІ 60 ОТБАСЫ ПӘТЕРЛІ БОЛДЫ



Наурыз мерекесін атап өту аясындағы Шаңырақ күніне орай әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға, жетім балаларға, көп балалы отбасыларға облыс орталығында жаңа 60 пәтер берілді. Талдықорғандықтарға пәтер кілттерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев тапсырды.

Жалпы «Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қаржысына тұрғызылған бес қабатты тұрғын үйдің құрылысы өткен жылдың наурыз айында басталған болатын. Пайдалануға берілген үйдің 15-і – бір бөлмелі, 15-і – екі бөлмелі, 30-ы – үш бөлмелі пәтерлер.

Өңір басшысы «Бірлік» шағын ауданындағы жаңа қоныс иелерін қуаныштарымен құттықтап, Талдықорған қаласына жасалып отырған қолдаулар шараларына, соның ішінде тұрғын үй құрылысын жандандыруға қатысты жұмыстарға қысқаша тоқталды.

– Бүгін заманауи үлгіде салынған, әдемі, жайлы үй өздеріңіз сияқты біршама жылдан бері кезекте тұрған азаматтарға беріліп отыр. Жалпы облыс көлемінде «Самұрық Қазына» қоры бізге Талдықорған қаласында, сол сияқты Панфилов және Кербұлақ аудандарында тұрғын үйлер салып береді. Бүгін сол үйлердің алғашқы легі өздеріңізге ұсынылып отыр. Өткен жылы тұрғын үй берудің барлық бағыты бойынша Талдықорған қаласының өзінде 1283 отбасы баспанала болса, биылғы жылы 1 500-ге жуық отбасыға баспана кілттері табысталатын болады. Бұл ретте жыл басынан бүгінгіге қоса алғанда 188 отбасы үйлі болып отыр, – деп атап өткен Б. Исабаев алдағы жоспарлар жайын тілге тиек етіп, жаңа пәтер иелеріне ізгі тілегін білдірді. – Үш балам бар. Кемтар бала өсіріп

отырғандықтан, баспананың жайлы болуы бірінші кезекте маңызды. Бұған дейін ұзақ жыл жер үй жалдап тұрдық, жайлы үй жалдауға мүмкіндігіміз болмады. Он үш жыл үй кезегінде тұрдық. Бүгін қолымызға жаңа пәтердің кілті тиді. Берінен де баламның күтіміне жайлы болатынын ойлап, ерекше қуанып тұрмын, – дейді Гүләйім Абилхамиева.

Қоныстойын атап өтіп жатқандардың ішінде көп балалы отбасылар да бар.

– Өзім «Күміс алқа» иегерімін. Балаларым байлығым деп білемін. Бүгін Наурыз мерекесі қарсаңында мемлекеттен 3 бөлмелі жаңа пәтер беріліп отыр. Бүкіл әулетімізбен қуанып жатырмыз. Тұрғын үймен қамту ісінің басы-қасында жүрген азаматтарға алғысым шексіз. Барша қоныстай иелерін бүгінгі қуаныштарымен құттықтаймын, – деді Ақтоты Анкежанова.

Еске салсақ, «Шаңырақ күнінде» белгіленген іс-шаралар отбасы институтын нығайтуға, отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталуда. Осыған орай облыстың аудан-қалаларында елу жыл отасқан отбасылармен кездесулер, үлгілі шаңырақ иелерімен сыр-сұхбаттар, жас отбасылар байқаулары, неке қию рәсімі, жаңа туған жас нәрестелер мен олардың аналарын құттықтау, т.б. шаралар кеңінен өткізілуде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі  
Фотосуретті түсірген: Жеңіс ЫСҚАБАЙ





ҰЛТТЫҚ  
ҚҰРЫЛТАЙ

Бұрабай, 2025 жыл

## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖАҒЫРУДЫҢ СИМВОЛЫ

### Басы 1-бетте.

Заңнамадағы олқылықтар бизнесті бөлшектеуге жол беріп отырғанын мойындау керек. Бұл мәселеге Үкімет те, депутаттар да жете мән бермеген.

Тағы да әдемі көрсеткіштерге әуестеніп кеттік: елімізде екі миллионнан астам салық төлеуші, яғни жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тіркелген деседі. Бірақ олардың қандай кәсіпорындар екеніне, қалай пайда болғанына, қанша салық төлейтініне, тіпті оны төлеп жатыр ма, жоқ па дегенге еш талдау жасалмаған.

Бірақ қазір құр кінәлаудан іс оңа баспайды.

Енді ахуалды шұғыл түзету қажет. Үкімет пен Парламентке айтарым – заңнамаға жедел түрде тиісті түзетулерді енгізу керек.

Әділ әрі тиімді салық жүйесін құру еліміздің болашағына, кейінгі ұрпақтың тұрмысына тікелей әсер ететінін ұғынған жөн.

Билік бизнеске қолдау көрсетіп келді, көрсете де береді. Бұған күмән болмауға тиіс. Бірақ бизнестің өзі заңды және заңсыз болады. Біз заңды сақтау, тәртіпке бағыну керек деп жатамыз. Ендеше Үкіметтің және жалпы биліктің қолдау шараларының игілігін, бірінші кезекте, адал әрі жауапты, ең бастысы, заң аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлер көруге тиіс. Олар тиісті артықшылыққа ие болады.

Салық реформасына келсек, батыл шараларды дәл қазір қабылдау керек. Әйтпесе, бұдан да зор қиындыққа тап боламыз.

Енді бірыңғай уақыт белдеуіне көшуге қатысты пікірталасқа тоқталайын.

Үкімет пен Парламент бұл мәселені талқылады. Арнайы зерттеулер жүргізілді, шешімді күмән келтірген қоғам белсенділерінің қауіпі мен күмән-күдігі расталған жоқ.

Үкіметтің және депутаттардың басым көпшілігінің, сондай-ақ мамандардың уәжімен келісемін: біздің кең-байтақ жеріміз бар, халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірыңғай уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді.

Осымен пікірталасты доғару қажет деп ойлаймын, оның үстіне бұл мәселені саясиландырудың қажеті жоқ.

Сондай-ақ бүгін Бекзат Алтынбеков, одан бұрын Бақтықожа Ізмұхамбетов пен Светқали Нұржан қоғамдық әдеп мәселесін қозғады. Бұл өте орынды деп ойлаймын.

Қазір әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын аяққа таптау көбейіп кетті. Жалған мәлімет таратушылар да бар. Мұндай келеңсіз үрдістерді тыю жолын қарастыру керек.

Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи еліміздегі діни ахуалға алаңдаушылық білдіріп жүр.

Құрылтай мүшелері Дания Қыдырбаева және Олжас Сүлеймен жат діни ағымдардың жастар арасында, әсіресе спорт саласында ықпалы күшейіп бара жатқанын айтты.

Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ.

Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды.

Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс.

Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды.

Құрылтай мүшелері тағы бір жайтқа алаңдаушылық білдіріп отыр.

Соңғы кезде ел ішінде түрлі алаяқтық әрекеттер жиілеп барады. Теріс пиғылдық адамдар қайырымдылыққа деп ақша жинап, оны жеке басының пайдасына жаратады. Сондай-ақ көп адам интернет-алаяқтардан зардап шегуде. Бұл мәселе бойынша бүгін Айгүл Орынбек жақсы айтты.

Бұдан бөлек, қазір жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтар мен «коучтар» көбейіп кетті. Оларға сеніп, алданып қалғандар көп. Маған бұл туралы көптеген шағым түсіп жатыр.

Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс.

Тағы бір түйткіл – қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар.

Былтыр қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни, негізінен өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс.

Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа.

Зорлық-зомбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды.

Осы жерде бір нәрсені ескерген жөн. Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсірілуде.

Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырып қана қана.

Сондай-ақ жақсы мысалдар да бар. Жақында «Шоқан. Қашқария сапары» деген мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды деп айтуға болады.

Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет. Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дұрыс бағытта дамыту мәселесін қолға алу керек.

Тағы бір маңызды мәселе. Маған белгілі адвокат Айман Омарова хат жолдады. Ол өз хатында құрделі тақырыпты қозғап, әйелдер колониясындағы ахуалға тоқталды. Әсіресе, жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына баса назар аударды.

Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаты сотталған азаматтарды жазалау емес, түзету болуы керек деген пікірмен келісемін.

Ер адам немесе әйел болсын, бас бостандығынан айырылғандардың бәрі заң алдында бірдей.

Дегенмен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, көмелетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын.

Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек.

Дмитрий Павленко дұрыс мәселе көтерді. Кәсіби техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдайды ескеруге тиіс.

Сарапшылардың айтуынша, біраз жылдан соң солтүстіктегі халықтың саны едәуір азайып, оңтүстіктегі тұрғындар елде қайда көбеюі мүмкін. Бұл – өте өзекті мәселе. Себебі аймақтардың еңбек нарығында теңсіздік одан әрі ұшыға түседі деген сөз. Осы мәселемен Үкімет мұқият айналысуы керек.

Қостанайдағы колледждің тәжірибесін солтүстік аймақтарда кеңінен қолдану қажет. Құрылтай мүшелері қоғамдағы өзекті мәселелерді үнемі көтеріп жүр.

Бәрін сынап-мінеп отыратын бәзбіреулер басты түйткіл – бұл емес, мемлекет назар аударуға тиіс басқа да проблемалар бар деуі мүмкін.

Азаматтарымыз күнделікті тіршілікте көптеген қарапайым түйткілге тап болады. Оны елемей, назардан тыс қалдыру дұрыс емес екенін ескерген жөн.

Сондықтан азаматтардың тұрмысына қатысты мәселелер өзекті болып қала береді. Біз бұл проблемаларды көтереміз, ең бастысы, шешеміз.

Құзырлы органдарға құрылтай қарсаңындағы жұмыс секцияларында айтылған барлық мәселені мұқият қарастыруды тапсырамын. Оның кейбіріне қазір де тоқталып өтемін.

### Құрметті Ұлттық құрылтай мүшелері!

Біз біртіндеп барлық салада ауқымды реформалар мен нақты өзгерістерді жүзеге асырып жатырмыз. Оның бәрі халықтың тілегі мен заманның талабына сай жасалуда.

Бұл жердегі түпкі мақсат – барлығын өзгерту емес. Ең бастысы – атқарылып жатқан шаруаны оңтайландырып, оның тиімділігін арттыру.

Алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі – жекеменшік бағыттар бойынша мемлекеттік аппараттың жұмысын жүйелеп, ретке келтіру.

Өздеріңізге мәлім, елімізде түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарлар бар. Быыл осындай бірқатар құжаттың мерзімі аяқталады. Әрине, оның кейбірі жалғасады, кейбірі мүлдем тоқтатылады. Үкімет мұқият ойластырып, нақты шешім қабылдауы керек.

Ел болашағы үшін айрықша маңызы бар салалар бойынша жұмыс үздіксіз жалғасуға тиіс.

Мысалы, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы жоспардың мерзімі быыл бітеді. Бұл құжат 2023 жылы әзірленген. Мұндай жоспар елімізге қажет екені анық.

Өйткені осы қауіпті кеселге қарсы күрес – өте маңызды мәселенің бірі.

Сондықтан жаңа құжатты дайындауға қазірден бастап кірісу керек.

Быыл балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне-өзі қол салудың алдын алу туралы жоспардың мерзімі де аяқталады.

Біз әйелдер мен балалардың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылдадық.

Өткен жылы барлық аймақта балаларды Психологиялық қолдау орталықтары ашылды.

Зандарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды. Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ушықтыруда.

Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу жұмысынан шет қалып отыр.

Оның үстіне, осы бағыттағы жұмыстар қазір әртүрлі құжатпен реттеледі. Шашыраңқы болып тұр. Соның бәрін бір жерге жинақтаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай, «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн.

Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек.

Бұл өте маңызды құжат болмақ. Оны дайындау үшін Үкімет, Парламент депутаттары, омбудсмен Динара Зәкіева, қоғам қайраткерлері өз үлесін қосады деп ойлаймын.

Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар

## ОЗВУЧЕНЫ ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ, ВНЕСЕНЫ КОНКРЕТНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ

IV заседание Национального курултая стартовало 13 марта в Бұрабае. В течение этого дня прошла работа четырех секций: «Гражданское общество», «Культура, искусство и духовность», «Образование и наука», «Социально-экономическое и региональное развитие».

В связи с тем, что я тридцать лет работаю и сотрудничаю в сферах гражданского общества и образования, то и приняла непосредственное участие в двух соответствующих секциях.

В первой из них участники затронули вопросы укрепления гражданского общества, повышения роли общественных организаций и активности граждан, усиления единства и солидарности, рассмотрели пути формирования государственных институтов и реализации национальных идей и др.

Во второй члены курултая отметили, что без развития науки невозможно получить современное передовое производство. По их мнению, особый упор должен быть сделан на развитие региональной науки, подготовку высококвалифицированных кадров и поддержку читающей молодежи. В частности, считая, что культура чтения — это важнейшая основа интеллектуального и творческого развития общества и личности, предложили разработать и принять комплексную государственную программу по развитию и популяризации чтения, а также повышению читательской грамотности среди школьников и укреплению сети библиотек. Вместе с этим говорили о совершенствовании системы образования, повышении качества знаний молодого поколения, развитии инноваций и др.

Активное участие в дискуссиях принимала и я сама. Так как в члены курултая я вошла только что, то участие в нем для меня не только честь, но и большая ответственность. Здесь я — не Дания Кыдырбаева, а представитель области Жетісу, поэтому важно не уронить достоинство жетісусцев и донести их чаяния. В связи с этим присутствует и небольшое волнение.

В целом во всех секциях участники не только озвучивали актуальные и проблемные вопросы, но и предлагали конкретные пути их решения, которые легли в основу общего заседания курултая. Участвовали в работе секций и министры, которые рассказали о проведенной и проводимой работе по предложениям предыдущих трех заседаний курултая, взяли во внимание новые с текущего мероприятия. Это и есть действие принципа «Слышащее государство».

Одним словом, Национальный курултай — это не просто площадка для дискуссий, а механизм для принятия эффективных решений, которые, я верю, напрямую повлияют на будущее нашей страны.

**Дания ҚЫДЫРБАЕВА,**  
президент областного гражданского Альянса,  
член Общественного совета области Жетісу



тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды.

Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс.

Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер.

Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін.

Құрылтай мүшелері Зұлфия Байсақова мен Бану Нұрғазиева мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың критерийлерін қайта қарау және үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігін айтты.

Азаматтық сектор реформаларды жүргізу және қоғамды дамыту ісінде маңызды рөл атқарады.

Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәрiптeуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманның талаптарына сай келетін жеке

заң керек.

Әрине, заң жобасы терең және жан-жақты сараптамадан өтуге тиіс.

Құзырлы органдар сарапшылар мен қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, бұл мәселемен айналысуы керек.

Біз соңғы жылдары мемлекеттік наградалар мәселесін қайта қарап, бір жүйеге түсірдік. Енді ведомстволық марапаттарды ретке келтіру қажет. Мемлекеттік органдар бұл жұмысты назардан тыс қалдырды. Нақты ереже жоқ, бәріне ортақ мәліметтер қоры да жоқ.

Соның кесірінен кейбір марапаттар орынсыз таратылып жатыр. Тіпті, бір мемлекеттік органның төсбелгісін бір адам бірнеше рет алған жайттар да кездеседі.

Мекемелік марапат — нағыз білікті мамандарға ғана берілетін, сол арқылы кәсіби мәртебені көтеретін маңызды награда. Бұған бей-жай қарауға болмайды.

Сондықтан мекемелік марапаттардың бірыңғай стандартын және тізімін жасау қажет. Әрине, әр мекеменің өз ерекшелігін ескерген жөн. Бірақ бәріне ортақ ұстаным болуы керек. Құзырлы органдарға осы шаруаны қолға алуды тапсырамын.

Менің бастамауым ономастика саласын ретке келтіру үшін ауқымды жұмыс басталды.

Көшелер мен елді мекендерге атау беру немесе атауларды өзгерту мәселесіне келгенде жергілікті атқарушы органдар көп қателік жіберген, бұл ретте тіпті, жерлестік пен тамыр-таныстыққа жол берілген.

Сондықтан бұл істі орталықтандыру туралы шешім қабылданды.

Депутаттар бұл ұсынысқа қолдау білдірді.

Соның нәтижесінде бізде ономастика саласындағы жұмыстың бірыңғай әрі нақты



науқаншылдық болмауы керек.

Халық арасында жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізіп, тұрғындардың пікірін ескеру маңызды.

Қазір елді мекендердің аумағы ұлғайып жатыр, қалаларда жаңа аудандар бой көтеруде. Осыған байланысты атауы қайталанатын немесе мүлдем атауы жоқ мыңдаған көше пайда болды.

Бұл жағдай өрт сөндірушілерге, тәртіп сақшыларына, жедел жәрдем мен басқа да құрылымдарға қиындық туғызады. Ең алдымен осындай көшелердің атауын ретке келтіру қажет.

Жекеменшік нысандарға атау бергенде де жүгенсіздік болмауы керек.

Кейде қала көшелерінде айтуға ыңғайсыз атауы бар тақтайшалар ілулі тұрады.

Креатив деген, әрине, жақсы, бірақ қоғамдық тәртіп және әдеп нормаларын сақтау керек.

Сондықтан кәсіпкерлердің де ономастика мәселесіне жауапкершілікпен қарағаны жөн.

Қазір депутаттар ономастика комиссиясының келісімімен ғана жеке нысанды адам атымен атауға рұқсат беретін түзетулерді қарап жатыр. Бұл – дұрыс шешім.

Ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту – мұның бәрі ауқымды идеологиялық жұмыстың ажырамас бөлігі.

Сондықтан ішкі саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген пікірмен келісемін.

Ұлттық құрылтай мүшелері – Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибұтов және басқа да азаматтар осындай ұсынысты айтты.

Олар өз бастамасын іске асырып, ішкі саясат тұжырымдамасының жобасын да әзірледі.

Мемлекеттік органдар бұл жобаны жан-жақты зерделеп, барлық мәселені пысықтауы қажет.

Құжатта құзырлы органдар мен мүдделі тараптардың қызметі бір арнаға тоғысуы керек. Онда мемлекеттік идеология жұмысының мақсат-міндеттері мен басымдықтары нақты белгіленуге тиіс.

Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттайтын жалпы-ұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілуі керек. Бұл, ең алдымен, осы құндылықтар мен нышандарды қоғамда орнықтыру, оларды кеңінен дәріптеу және қорғау үшін қажет.

Келесі мәселе. Ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында мәдениет саласы айрықша рөл атқарады. Әсіресе, төл мәдениетіміздегі Өз-Наурыз мейрамының орны бөлек.

Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Әсіресе, Наурызнамадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болды.

Ұлттық киімдерге деген қызығушылық арта түсті. Мектептерде, түрлі мекемелерде, сондай-ақ, ірі компанияларда ұлттық киімге мән беріле бастады. Сұранысқа сай тігін цехтары ашылып, жаңа брендтер, дүкендер пайда болды.

Осылайша, ұлттық киім кию біртіндеп қалыпты көрініске айналып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс.

Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық. Әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім, бұл – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек.

Тәуелсіздік жылдарында мәдениет саласында көп жұмыс атқарылды. Классикалық және заманауи музыкаға арналған сәулетті ғимараттар салынды. Көптеген театр ашылды.

Қазақстанда театр өнеріне қызығушылық артып келеді. Зал көрерменге толы, қойылымдардың премьерасына билеттер екі-үш апта бұрын сатылып кетеді.

Сахна өнеріне құштар жандардың арасында жастардың көп болуы көңілге ерекше қуаныш ұялатады.

Қазір Қазақстанда 46 аймақтық театр бар. Алайда, оның көпшілігінің жай-күйі мез емес.

Мысалы, Семейде бір ғимаратта үш бірдей театр сығылысып отыр.

Әсіресе, аймақтарда театрларды салуға және дамытуға баса назар аудару керек.

Халқымыздың мәдени әруландығын сақтауға мүмкіндік беретін орыс және басқа да ұлттық театрларды қолдау маңызды.

Елімізде өнердің бұл түрі де табыс әкелетінін дәлелдеп жүрген жеке театрлар аз емес.

Сондықтан бизнес өкілдерін аймақтағы театрларға белсене қолдау көрсетуге шақырамын.

Биыл ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толады.

Мен осыдан бес жыл бұрын ұлы ойшылдың туғанына 175 жыл толуына орай Семейде абайтанушы ғалымдармен кездестім, сол кезде Абай институтын құру туралы ұсыныс

айттым.

Бүгінде бұл бастама цифрлық платформаларға форматында іске асырылды, яғни біздің диаспоралар мен басқа да шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы ретінде жұмыс істеп тұр.

Енді осы жобаны толыққанды мәдени-ағарту мекемелеріне айналдыру қажет. Бұл құрылым Конфуций, Гете, Сервантес институттары сияқты жұмыс істеуі керек.

Абай институты негізгі серіктес елдердің бәрінде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық болуға тиіс. Бірқатар елде, мысалы, Қытай, Түркия, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде осындай орталықтар ашылатын болды.

Сыртқы істер министрлігі мен «Отандастар» қорына Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, шетелде осындай орталықтар ашу мәселесі бойынша тиісті жұмысты жалғастыруды тапсырамын.

Тағы бір мәселе. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы белсене айналысуда. Бұл – қуантарлық жайт. Осы ұйымның бастамаларын біз тұтас қоғам болып әрі қарай қолдауымыз керек.

Мәдениет дегеніміз – жай ғана ғимараттар мен мекемелер емес. Бұл – ұлттық сана-сезімді жаһандық ауқымда нығайта түсетін мықты тұғыр.

Біз ЮНЕСКО-мен ынтымақтастық аясында Қазақстанның материалдық және материалдық емес мұраларын халықаралық тізімдерге енгізуге айрықша мән беріп жатырмыз.

Үкімет түрлі ұлттың барша адамзатқа ортақ білім қазынасына қосқан зияткерлік үлесін көрсететін «Әлем жады» тізіміне деректі мұраларымызды енгізу жұмысын жандандыру қажет.

Жаңа заманда біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр.

Көптеген ел өзінің салт-дәстүрі мен қазіргі инновацияларды өзара үйлестіру арқылы дамудың даңғыл жолына түскенін тарихтан көріп-біліп отырмыз.

● ПІКІР

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛдану ІСІНДЕ ЕЛІМІЗ ЗОР ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕ АЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында тұрақты даму үшін жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізудің маңызын атап өткен болатын. Бұл орайда елімізде бірқатар жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Электронды үкіметтің даму деңгейі жөніндегі рейтингінде 190 мемлекеттің ішінен алғашқы 25 елдің қатарына ендік. Бүгінгі Ұлттық Құрылтайда Президент мұнымен шектеліп қалуға болмайтындығын баса айтты. «Жоғары технологиялар экономиканың және мемлекетті басқару ісінің барлық саласын дамытуға тың серпін беріп, алға бастайды. Үкімет озық цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллектіні жаппай енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыруға арналған жұмысты есепте күшейтуге тиіс»-деп тапсырма жүктенді.



Шалқар ОРАЗБАЕВ, Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты

Сол секілді біз де төл мәдениетімізді қазіргі әлемдегі шынайы жағдайға бейімдеуіміз қажет.

Бүгінгі таңда мәдениет және идеология саласы жасанды интеллектіні ықпалымен түбегейлі өзгере бастады. Бірақ оған толық үміт артуға болмайды. Адам факторы әлі де маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Танымал сервистерге қазіргі заманғы Қазақстан туралы сурет немесе видео әзірлеуге сұраныс берсе, көбінесе шындыққа жанаса бермейтін өнім ұсынады.

Әзірге интернет кеңістігінде Қазақстан туралы әлемнің кең таралған тілдеріндегі, әсіресе, ағылшын тіліндегі ақпараттар көп емес.

Үкімет қолда бар орасан зор деректерді, соның ішінде мұрағаттар мен анықтамалық мәліметтерді, ғылыми зерттеулерді, иллюстрациялар мен фотосуреттерді, музыкалық шығармаларды және өнер туындыларын цифрлық форматқа көшіру жұмысын бастап кетті.

Ұлттық цифрлық мұрағат құрып, оны еліміздегі және шетелдердегі нейрожүйе жасаушылардың еркін пайдалануына мүмкіндік беру керек.

Сонғы жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы – тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз.

Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр.

Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылды.

Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз.

Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек.

Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді.

Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс.

Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын.

Осы жиында мен көрнекті қаламгер Төлен Әбдіктің жыл басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатын атап өткім келеді. Жазушы «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп, орынды пікірін айтты.

Осы ретте қосымша айтарым: Өз ұлтыңды өзгелерден биік қою түптің түбінде жарға жығады. Қазақ халқы өзгелерден кем емес, бұл – ақиқат, бірақ артық та емес деп айтуымыз керек.

Қазақ халқын данышпан деп айтсақ, қателеспейміз. Дегенмен дүние жүзінде данышпан халықтар аз емес. Бұл да – ақиқат. Мұндай пікір кейбір адамға ұнамауы мүмкін. Алайда, көпшіліктің көңілінен шығамын деп, тура сөзден жаңылуға болмайды.

Шын мәнінде, әр ел басқа жұрттан даму деңгейіне қарай озбақ.

Жалпы, біз төл тарихымызға көкжиегі кең, тамыры терең өркениеттік көзқараспен қарауымыз керек. Бұл – өте маңызды. Сонда ғана халқымыздың өткеніне, бүгінгі мен болашағына мүлде жаңа көзқарас пайда болады.

Қазір отандық тарих ғылымының және біздің зияткерлеріміздің алдында төл тарихымыз туралы түсінікті жаһандық өркениет парадигмасы тұрғысынан кеңейту міндеті тұр.

Ашығын айтсақ, көптеген ғалымдар мен қоғам белсенділері әлі күнге дейін Қазақстанның жылнамасына ұлттың жадына жара салған тарихи оқиғалар тұрғысынан қарайды.

Бұл жағдай төл тарихымызға көзқарас ауқымын тарылтады. Біз барынша кең әрі терең ойлауымыз қажет.

Осы сәтті пайдалана отырып, кеңестік кезеңге қатысты біржақты талдаулар мен пайымдаулардан сақтандырым келеді. Менің пікірімше, біз үшін бұл ортақ тарихтың күңгірт тұстары болды, бірақ жарқын тұстары да бар. Мұны дұрыс түсіну керек. Әйтпесе,

Биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 триллион теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 триллион теңгеге дейін жеткізуге тиіс.

Бұл жерде бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары туралы айтылып отыр.

Сондықтан биліктің, Үкіметтің бизнеске қысым көрсетіп жатқаны жөніндегі әңгімелер мүлде негізсіз. Бизнес әрдайым Үкімет назарында болған, алдағы уақытта да тыс қалмайды.

Қазір бүкіл елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Атап айтқанда, 2025-2026 жылдардың өзінде Қашаған кенішінде газ өңдеу зауытын, сонымен бірге, «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры мен «Бейнеу – Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін іске қосу көзделген.

Үкімет Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ құрылысына негізделген электр стансасын салуды жоспарлап отыр. Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртылып болады.

«Кендірлі» демалыс аймағында су тұщытатын зауыт жұмыс істей бастайды. Кәсіпорын Жаңаөзен қаласы тұрғындарын ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етеді.

Қарағандыда және Екібастұзда болат қорытатын зауыттар, Жамбыл облысында минералды тыңайтқыш өндіретін химия кешені пайдалануға беріледі.

Алматы қаласында және Қостанай облысында автокөлік зауыттары ашылады.

«Достық-Мойынты» темір жол учаскесінің және Алматы бекетін айналып өтетін темір жол желісінің құрылысы аяқталады. «Қызылжар – Мойынты» бағытында жаңа жоба басталады.

Ақтауда Каспий теңізінің жағалауындағы контейнер хабы салынып бітеді. «Қорғас – Шығыс қақпа» ЕЭА аумағында халықаралық өуежай жұмыс істей бастайды. Зайсан, Катонқарағай мен Кендірлі демалыс аймақтарында да өуежай ашылады.

Каспий теңізінің ұлтанымен талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады, бұл қадам Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз жасауға мүмкіндік береді.

Еліміздің автокөлік жолдары желісін дамыту жұмысының мән-маңызы өте зор.

Осы тұста тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алынатыны туралы жариялағым келеді.

Мен Үкіметке Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырдым.

Жаңа күре жол орталық және батыс аймақтардың арасын 560 шақырымға қысқартады.

Бұл – тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды жоба.

Бұдан бөлек, Арқалықтағы өуежайды қалпына келтіріп, жаңа аэровокзал салған жөн. Бұл жоба ішкі көлік қатынастарын едәуір жақсарттады. Сондай-ақ орталық аймақтағы ауыл шаруашылығы жерлерін игеруге және мал шаруашылығын дамытуға тың серпін береді. Елімізде машина жасау, металлургия, мұнай-химия, агроөнеркәсіп және көлік-логистика салаларында мұндай жобалар аз емес.

Алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жоба іске қосылып отырады.

Осы арқылы біз мемлекеттің жаңа индустриялық қалыбын жасап, көлік-транзит әлеуетін нығайта түсеміз.

Біздің мемлекетімізге ірі инфрақұрылымдық жобалар өте қажет. Ауқымды жобалар аймақтардың экономикалық мүмкіндігін арттырады.

Мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашып, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

Жалпы айтқанда, ірі жобаларды жүзеге асыру – еліміздің осы аймақтағы көшбасшылық рөлін арттыратын бірден-бір жол.

Біз 2022 жылы жаңадан үш облыс құрып, осы аймақтардың дамуына күшті серпін бердік. Бұл ақыры дұрыс шешім болды. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер едәуір артты, инвестиция келе бастады.

Соның арқасында жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасы да жақсара түсті.

Дегенмен Үкімет жаңа облыстардың ахуалын бақылауда ұстауға тиіс. Оларға көмектесу қажет.

Менің тапсырмаммен Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында шекара маңындағы бірнеше аудан қалпына келтірілді. Мұны жұрт өте жақсы қабылдады. Жаңа аудандарда тіршілік жанданды, инфрақұрылым жақсара бастады.

Ауылды дамыту тұжырымдамасында шекаралық аумақтарға қатысты жұмыстың негізгі бағдары айқындалған. Шеткері жатқан елді-мекендердің ахуалы ел іргесінің бекем болуына тікелей әсер етеді. Бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты белсенді түрде жалғастыру керек.

Атаптық партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынып отыр.

(Жалғасы 4-5-бетте).





ҰЛТТЫҚ  
ҚҰРЫЛТАЙ

Бурабай, 2025 жыл

## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖАҒЫРУДЫҢ СИМВОЛЫ

### Басы 1-2-3-бетте.

Үкіметке депутаттармен бірге бұл бастаманы жан-жақты қарастыруды тапсырамын. Әдетте шекара маңындағы аудандар арқылы маңызды көлік-логистика дәліздері өтеді.

Биыл автокөліктерге арналған 9 кеден бекетін жаңғырту жұмыстарын аяқтау керек. Соның нәтижесінде, мұндай бекеттердің өткізу мүмкіндігі 6 есе артады. Бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін нығайтуға едәуір үлес қосады.

Аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін нақты стандарттарға сүйене отырып инфрақұрылым, әлеуметтік қам-сыздандыру, экологиялық көрсеткіштер және басқа да маңызды өлшемдер бойынша артта қалған өңірлерді анықтау қажет.

Орталықтың күш-жігерін осындай алшақтықты жоюға жұмылдыру керек.

Сол үшін қазір Өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр.

Құжатта аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюға және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған тың тәсілдер қарастырылады.

Өңірлердің іс-қимылдары нақты салаға жауапты мемлекеттік органдардың рес-публикалық деңгейде атқарып жатқан жұмыстарына сәйкес жүргізілуі қажет. Іс-шаралар үйлесімді болуға тиіс.

Бұл – барлық салаға қатысты мәселе. Мысалы, солтүстікке көктем енді келіп жатыр. Қар еріп, елді мекендерді қарғын су басу қаупі туындайды.

Былырғы тасқыннан орталық та, жергілікті билік те тиісті қорытынды жасады деген тиісті ақпаратты алып жатырмын. Жаз шыққан соң өрт қаупі күшейеді. Табиғат апаттарының алдын алу, сақтану шаралары үнемі назарда болуы керек.

Мен жаппай цифрландыру мен жасанды интеллекттің барлық салаға кеңінен енгізу мәселесіне үнемі назар аударамын.

Қазір қай елдің жаңа технологияларды өз пайдасына жарата алатыны, қай елдің көш соңында қалатыны анықталып жатқан шешуші кезеңге қадам бастық.

Экономиканың барлық саласы және еңбек нарығы жасанды интеллекттің тікелей қатысуымен түбегейлі өзгеріп жатыр. Адамзат тіршілігінің мәні мен қалыбы басқаша сипат алып барады.

Осы орайда, инновациялар экономикасы деген жаңа құбылыс пайда болды. Онда өзгеше ойлау қабілеті, шығармашылық тұрғыдағы жаңашылдық және әлеуметтік дағдылар алдыңғы қатарға шығады.

Жасанды интеллектті қолдану бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін барынша арттыруға, салық және кеден ісін жүргізудің сапасын жақсартуға, мемлекеттік сатып алу саласын оңтайландыруға, сондай-ақ азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл үрдістерінің бәрін одан әрі жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сол себепті цифрландыру және жасанды интеллект мәселелерімен жеке өзін айналысып жатырмын. Шетелдік мамандармен, кәсіпкерлермен кездесіп жүрмін. Жүздесулердің барлығы ресми жариялана бермейді. Бірақ бұл мәселе менің бақылауымда. Таяу арада, мүмкін жыл соңына дейін Астанада Smart city жобасы енгізілгенін хабарлаймын. Бұл істе БАӘ, АҚШ компанияларымен ынтымақтастық орнаттық. Қытайдың құрылымдарымен де тығыз қарым-қатынас жолға қойылған. Дәл осы бағытта Қазақстан нақты прогреске қол жеткізеді деп ойлаймын.

Құзырлы мемлекеттік органдар сарапшылармен және IT-мамандармен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, артық шығындарды азайтуға, барлық саланың ашықтығын қамтамасыз етіп, өнімділігін арттыруға арналған тың тәсілдер іздеп тауып, оны қолданысқа енгізіп отыруға тиіс.

Мен бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаймын.

Экономиканың барлық саласына цифрлық технологиялардың енгізілуі еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын ең басты фактор болуға тиіс.

Бұл жерде цифрлық активтер индустриясы мен блокчейн технологиясын дамыту маңызды рөл атқарады.

Цифрлық активтердің заңды айналымын қамтамасыз ету, криптоайырбастау қызметін жүргізу және цифрлық майнингке инвестиция тарту үшін осы саланы реттеу ісін ырықтандыруда шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Бұл қадам еліміздің осы аймақтағы цифрлық қаржы технологияларының орталығы ретіндегі рөлін арттырады. Сондай-ақ цифрлық активтердің көлеңкелі айналымын азайтуға мүмкіндік береді әрі салық түсімін көбейтуге септігін тигізеді.

Мұнда Америка ашып отырған жоқпын, Президент Трамп басқаратын АҚШ өкіміз осы бағытқа ден қойды. Біз мұны ескеруіміз керек.

Қазіргі заманда экономика инновацияға

негізделуі керек екені сөзсіз.

Біз ғылымды дамыту, соның ішінде қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін көп жұмыс істеп жатырмыз.

Ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге баса мән беріліп отыр.

Дегенмен Қазақстанда әлі күнге дейін бірде бір ғылым қалашығы жоқ.

Алматы іргесіндегі «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің аумағында ғылым қалашығын құру туралы идея бар екенін білемін.

Үкімет осы бастаманы жан-жақты зерделеп, тиісті заң дайындауы керек.

Ғалымдардың пікірінше, тиісті тәжірибесі мен дәстүрі бар Курчатова қаласы екінші ғылым қалашығы бола алады.

Бірақ мынаны ескерткім келеді: осы жоспардың бәрі шынайы есеп-қисапқа және табанды жұмысқа негізделуге тиіс. Көзбояушылық пен көпірме сөзге әбден тойдық. Енді оның сұрауы қатты болады.

Біз бастама көтеріп, кейіннен оны ұмытып кетеміз. Тіпті желге ұшады деуге болады. Бұл жазылмас дертке айналды. Жоспарда бәрі әдемі, әсіресе, оны ғалымдар түзіп жатса, бұл – жақсы. Бірақ нақты есеп керек. Оның ішінде бюджеттің мүмкіндігі ескерілгені жөн.

Бастысы, осы жоспардың тиімді орындалуы. Сондықтан мен ұсыныстың жалпы қабылданғанын ескертіп отырмаймын. Шын мәнінде, ғылым қалашығы керек. Оларды Алматыда, Курчатоваға салу ақылға қонады. Бірақ Үкімет те, ғалымдар мен салалық министрлік те нәтиже шығару қажет екенін түсінгені жөн.

Біз ғалымдарды шетелде тағылымдамадан өткізу тәжірибесін енгіздік. Бірақ ғылымға мүлде қатысы жоқ ғалымдар шетел асты. Мен 78 жасында «Болашақ» бағдарламасымен оқуға барған кісіні білемін. 78 жаста қайдағы «Болашақ»? Көп істің соңы осындай түсініксіз жағдайларға ұласып кетеді.

Келесі мәселе. Туризм аймақтардың дамуына серпін беретін сала болуға тиіс.

Жергілікті жердегі республикалық және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Биыл Таразда өтетін «Достастық жәрмеңкесі» осындай жобаның бірі болмақ. Жәрмеңкеге көптеген елдің қолөнершілері мен ауыл шаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді.

Сонымен қатар ең көне сауда және мәдениет орталығының бірі – Тараз қаласының беделін арттыра түседі, облысқа жаңа инвестиция тартуға және туристердің көптеп келуіне септігін тигізеді.

Жалпы, әр аймақта жұртшылық асыға күтетін әрі дәстүрге айналған осындай маңызды мәдени-туристік іс-шаралар өтіп тұрады. Оны негізінен демеушілердің қаражаты есебінен ұйымдастырған жөн. Іс-шараларды жыл бойы жалғасатындай етіп біркелкі бөлу, бренд ретінде қалыптастырып, жарнамалау қажет.

Әрбір оқиға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, ел ішінде және шетелдерде жұрт назарына ілігуі тиіс.

Мұның бәрі адамдардың аймақтарға қызығушылығын арттырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Мамандарды даярлау қажет.

Табиғи байлығымен, жан-жануарлар дүниесімен бүкіл әлемге танымал еліміздің биологиялық әруландығын қорғау айрықша маңызды міндетке айналады.

Кеше жұмыс секциясы кезінде «Ауыл» партиясының өкілдері киіктер туралы мәселе көтергенін білемін.

Аймақтардағы шаруалардан да осыған қатысты өтініштер-хаттар келіп жатыр.

Рұқсатсыз аң аулағандарға жазаны күшейту үшін менің бастамамен 2019 жылы заңнамалық шаралар қабылданды.

Осы және басқа да жан-жақты шаралардың нәтижесінде еліміздегі киік саны күрт артты. Қазір оларға жойылып кету қаупі төніп тұрған жоқ.

Бірақ енді, басқа мәселе туындады.

Ауыл шаруашылығы зардап шегіп жатыр. Эпизоотиялық ахуалдың да күрделеніп кету қаупі бар. Жалпы, экожүйеге түсетін салмақ артты.

Үкіметке білікті мамандарды жұмылдыра отырып, осы мәселені жан-жақты зерделеуді және байыпты шешім қабылдауды тапсырамын.

Біз Балқаш көлінің айналасында Тұран жолбарысының популяциясын қалпына келтіруге кірістік. Бұл – шаруашылық қызметке байланысты шешуге тура келетін көптеген мәселемен қатар жүретін күрделі міндет.

Келесі кезекте ілбістерді сақтап, оның санын көбейтуіміз керек.

Адамзаттың бүлдіргі іс-әрекетінің кесірінен Каспий итбалығы, қызғылт қоқиқаз және басқа да ерекше жан-жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қатер төніп тұр. Ащы да болса шындық осы. Біз табиғаттың осы бір сыйына барынша назар аударып, оны сақтай білуіміз

қажет.

Сондықтан Халықаралық биологиялық әруландықты қорғау қорын құру керек деп санаймын.

Мен Мемлекет басшысы ретінде бұл ауқымды жұмыстың маңызы орасан зор екенін көрсету үшін осы қоғамдық ұйымға өзім жетекшілік етуге дайынмын.

Бұған қоса, біз тағы бір қазынамыз – тазаны халықаралық тізімге енгізе алғанымызды айта кеткім келеді.

Аң аулайтын айрықша қасиеттері бар қазыны иттің тұқымын енді бүкіл әлем біледі.

Жақында мен Парижде Елисей сарайында болдым. Франция Президенті Эмманюэль Макронға сыйлаған қос тазыны көрдім. Франциялықтар тазылардың ерекше қабілетіне тәнті.

Сонымен бірге тазалық мәселесі әрдайым назарда болуға тиіс.

Былырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр.

Бастамаға азаматтар жаппай қолдау білдірді. Акция жалпыұлттық сипатқа ие болды.

Күн жылынып келеді, енді жұрт сенбілікке шығып, айналасын тазалайды. Бұл – өте дұрыс.

Мен бұған дейін де айттым, «Таза Қазақстан» – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет.

Баршаңызға мәлім, екі жыл бұрын менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы басталды.

Жобаның негізгі мақсаты мектептегі орын тапшылығын жою, сондай-ақ апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу болды.

Ақмола облысы ұлттық жоба бойынша салынатын барлық мектептің құрылысын бірінші болып аяқтады. Аймақта 12 мыңнан астам оқушыға арналған жаңа білім ошақтары ашылды.

Басқа облыстарда құрылыс барысы мез емес. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры бұл жұмысты қолға алуы керек. Мен таяу арада тексеремін.

Был елімізде 500 мың оқушыға арналған екі жүзден астам мектеп салынады.

Мына жаңа кәсіпкерлерге ұстаған жөн: барлық жерде тек «Жайлы мектеп» жобасы аясында мектеп салу міндетті емес. Сапалы салынған қарапайым мектептерге де сұраныс жоғары. Жуырда Талдықорғанға бардым. Ондағы қазақ мектебі қарапайым болса да тартымды. Осындай мектептерді барлық жерде салу керек. Өйткені «Жайлы мектептер» айтарлықтай қымбат, оны әр облысқа сала берудің қажеті де шамалы.

Үш жылда 1300, соның ішінде ауылдағы 900 білім ордасын жаңғырту қажет.

Жаңа оқу жылына дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептің барлығы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы құралдармен жабдықтауға тиіс.

Бүкіл ел бойынша медицина инфрақұрылымын барынша дамыту жұмыстары жалғасады. Осы жылдың соңына дейін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 188 медицина нысаны салынады.

Риддерде көпбейінді аурухананы, Өскеменде гематология орталығын, Ақтауда жедел жәрдем стансасын, Алматыда Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығын, Астанада Ұлттық ғылыми онкология орталығының жаңа ғимаратын пайдалануға беру қажет.

2026 жылы 32 аудандық орталық аурухананы жаңғырту, сондай-ақ Қызылорда және Маңғыстау облыстарындағы ауруханаларды салып бітіру керек.

Жұмысты аяқтау мерзімін бұзуға болмайды.

Тұрғындарға, әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға баспананың қолжетімді болуы – тұрмыс сапасының жақсарғанын білдіретін негізгі көрсеткіш.

Былыр мемлекет осы санаттағы адамдар үшін 21 мыңға жуық пәтер сатып алды.

Соңғы екі жылда бірқатар қалада (Семей, Тараз, Кентау, Орал) ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтары бой көтерді.

2026 жылдың аяғына дейін Ақтөбеде, Атырауда, Көкшетауда, Шымкентте және Талдықорғанда дәл осындай орталықтар ашу қажет.

Бұдан бөлек, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, соның ішінде аутизмге шалдыққан балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру керек.

Өкінішке қарай, дүние жүзінде осындай диагнозы бар балалардың саны жылдам өсіп барады. Мұндай жағдай Қазақстанда да бар.

Аталған дертке шалдыққан балалардың ата-аналары Астанаға барып, ем алуға мәжбүр. Үкімет пен өкімдерге осы мәселені шешуге дереу кірісуді тапсырамын. Әр облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, аутизм дертіне шалдыққан балаларға арналған нысандар болуы керек.

Демеушілердің және «Қазақстан халқына» қорының көмегімен осы маңызды жұмыста белгілі бір ілгерілеу бар.

Үкімет пен өкімдер бұл шаруаны жандандыруы қажет.

Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе.

Сондықтан жыл соңына дейін осындай балаларға жан-жақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлеу керек.

Ұлттық құрылтайдың отырыстарын ер облыста өткізудің ұтымды тусы бар. Алқалы жиында аймақтың дамуына қатысты өзекті мәселелер де қаралады.

Менің тапсырмаммен бүгінгі басқосуға Ақмола облысының бір топ азаматы қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер мен жастар бар. Мен осы аймақтың дамуына айрықша мән беремін. Жалпы, облыстың экономикалық-әлеуметтік жағдайы жақсы. Бұл мәселе бойынша маған өкім Марат Ахметжанов есеп берді.

Енді Ақмола облысындағы кейбір бастамалар мен жобаларға назар аударғым келеді. Өздеріңіз білесіздер, мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаймын.

Бұл – кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғыртуға және жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға арналған маңызды шешім.

Жастардың мүмкіндігін арттырып, кәсіби бағыт-бағдар беруге баса назар аудару қажет. Олардың сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды меңгеруіне жағдай жасау керек. Бұл – өңір басшыларының бәрінің міндеті.

Жастардың заман талабына сай білім алуын қамтамасыз ету үшін Үкімет пен облыс өкімдігі Қосшы қаласында халықаралық деңгейдегі колледж ашуы керек.

Қаланың Астана іргесінде тұрғанын және тұрғындарының саны тез өсіп келе жатқанын ескерсек, бұл – өте өзекті мәселе.

Қазірдің өзінде алыс-жақын шетелдерге кеңінен танымал Бурабай жерінің мол мүмкіндіктері бар.

Осы курорттық аймақты дамытудың 2029 жылға дейінгі кешенді жоспары қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін шамамен 140 миллиард теңге бөлінеді.

Қаржының жартысына жуығы – жеке инвестициялар.

Үкімет пен облыс өкімдігі құжатта көрсетілген міндеттерді сапалы орындауға тиіс.

Ең алдымен Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы инфрақұрылымды дамыту қажет. Барлық экологиялық талаптар қатаң сақталуға тиіс. Туристерге әлемдік стандарттарға сай қызмет көрсетілуі керек. Жаңадан салынатын Конгресс-орталық Бурабайдың бетке ұстар орны болуы қажет. Орталық іске қосылатын болса, демалыс аймағына жұрттың қызығушылығы да арта түседі. Сондай-ақ туристік маусымнан тыс уақытта адамдар көптеп келе бастайды. Үкімет пен өкімдікке осы мәселені тыңғылықты қарастыруды тапсырамын.

Облыстың орасан зор туристік әлеуеті Щучинск-Бурабай аумағымен ғана шектелмейді.

Демалыс аймағы ретінде мүмкіндігі мол Зеренді, Сандықтау, Ақкөл және басқа да жерлерді жан-жақты дамыту қажет.

Аймақтағы көрікті әрі киелі орындардың бәрі өзара іріктіріліп, үйлестірілген ауқымды туристік кластер қалыптастыруға маңызды.

Бұл ретте жеке туристік нысандар салу үшін жер телімдерін бөлген кезде заңның сақталуын мұқият қадағалау керек.

Облыстағы ерекше табиғи-климаттық жағдай заманауи сауықтыру кешендерін ашуға зор мүмкіндік береді.

Спорттың түрлі саласынан, әсіресе, қысқы спорттан ұлттық құрамаларды даярлау үшін өңірдегі спорт базаларын дамыта беру керек.

Ақмола облысының өкілдері қысқы спорт түрлері бойынша әлемдік және құрлықтық бәсекелерден ел қоржынына жүлде салуға үнемі мол үлес қосып жүр.

Елімізде футболды дамытуға баса мән беру керек деп санаймын.

Демеушілер қаржысы есебінен облыстық стадиондардың көпшілігін жаңғырту қажет немесе жаңа футбол стадиондарын салуды қолға алған жөн. Бұл мәселені бақылауда ұстаймын.

Әрбір облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Оның орындалуын тексереміз.

Сонда ғана біз бүкіл әлемге танымал әрі әлеуметтік, бұқаралық спорт саналатын осы ойынды жаңа деңгейге көтере аламыз.

Балаларды, жасөспірімдерді футболға қызықтыру арқылы лудомания, нашақорлық мәселесін біршама шешуге болады.

Осы салаға жауапты министрлік, Футбол федерациясы, жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлер клубтық футболды коммерцияландыруға нақты кірісуі керек.

Клубтар облыстық бюджеттерге ғана арқа сүйемей, шетелдердегі секілді өздері де табыс табуы үйренуі керек.

Сондықтан мен кәсіпкерлерді клубтық футболға бизнес ретінде қарауға шақырамын. Футбол клубтары жекеменшікке өтпей, іс алға бастайды. Бұл – әлемдік тәжірибе. Клубтар жекеменшік болса, шетел спортшыларын шақыру құқығына ие болады.



Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі.

Соңғы жылдары мемлекет қолдауының нәтижесінде балалар спорты қарқынды дами бастады. Бірақ бұл – жеткіліксіз.

Сондай-ақ бизнес өкілдері өскелең ұрпақты дене шынықтыруға және спортқа баулу ісіне зор үлес қоса алады деп ойлаймын.

Астанада шығармашылыққа арналған үйірмелерді де, жекелеген спорт секцияларын да ашып, көпке үлгі болып отырған жекеменшік Балаларды дамыту орталығы бар. Бұл тәжірибені басқа аймақтарда да қолданған жөн.

Мемлекет барлық аймақта спорт инфрақұрылымын дамытуға баса мән береді. Биыл Астанада Ұлттық спорт университетінің, Түркістанда ескек есу спортына арналған каналдың, Қызылордада футбол стадионының, Жетісу облысында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, Оралда ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған спорт кешенінің құрылысы аяқталады.

Биыл Көкшетауда көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы басталады. Бұл Қазақстанда теңдесі жоқ орталық болмақ. Осы жобаны арнаулы мемлекеттік қордан, яғни заңсыз активтерді қайтару есебінен қаржыландыру керек. Үкіметке осы мәселені пысықтауды тапсырамын.

Үш жылдың ішінде екі триллион теңгеден астам заңсыз активтер елге қайтарылды. Бұл қаржының аймақтардағы өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалып жатқаны өте маңызды.

«Қуатты аймақтар – қуатты ел» ұстанымы – менің саяси бағдарымдағы мызғымас қағиданың бірі.

Үкімет осы қағиданы негізге ала отырып, облыстардың еншісіндегі әлеуметтік салықты сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Алайда облыс әкімдері бюджет қаржысын үнемдеп, тиімді пайдалануы керек.

Елге пайдасы тиетін әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық беру қажет.

Бүгін айтылған бастамалар мен жобалар аймақтардың біркелкі дамуына ықпал етіп, еліміздің одан әрі өркендеуіне жол ашады деп сенемін.

## Құрметті отандастар!

Әлемдегі ауқымды өзгерістерге баршамыз күй болып, тіпті, оған өзіміз де қатысып жатырмыз. Бұл үрдістің жалғаса берері сөзсіз.

Басты халықаралық мәселелерді шешуге қатысты жаңа пайымдар мен нарративтер, ерекше көзқарастар мен тәсілдер пайда болды.

Бұрын-соңды болмаған қақтығыстар, ушыға түскен сенім дағдарысы, қадір-қасиеті кете бастаған халықаралық құқық, экономикалық шайқастар қазіргі әлемнің басты сипатына айналды.

Мұның бәрі жаңа технологиялық қалып орныққан, маңызды ресурстар үшін талас-тартыс күшейе түскен, өндіріс және сауда-логистика байланыстары қайта құрылып жатқан, техногендік және табиғи апаттар туындаған кезеңге түспа-түс келіп отыр.

Беделді саясаткерлер мен сарапшылар «дүние жүзі жаппай берекесіздік жайлаған немесе болашағы бұлыңғыр жаңа заманның қарсаңында тұр» деген пікір білдіре бастады.

Басқаша айтқанда, әлемдегі ескі тәртіп күйреп жатыр, ал жаңа дәуірдің сұлбасы әлі нақты айқындалған жоқ.

Кез алдымызда тарихтың жаңа айналымы басталып жатыр.

Жаһандану үдерісінің мән-маңызы жоғалып барады. Мемлекеттік ұлтшылдық, ықпал жүргізетін аумақтарды бөліске салу, әлемдік саясатта аймақтарға бөліну үрдісі алдыңғы қатарға шықты.

Демократиялық моральдық делініп жүрген құндылықтар, оның ішінде ЛГБТ көптеген елге ондаған жыл бойы таңылып келді. Осындай желеумен халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар көптеген елдің ішкі ісіне негізсіз араласты.

Оның түпкі мақсаты бар болғаны ұрлық, яғни сан миллиардтық бюджетті қалтаға басу екен.

«Даму мен демократия», «адам құқықтары», «баспасөз бостандығы», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» деп ұрандатып жүргендердің бәрінің дерлік жеке байлығы жазақысының мөлшеріне еш сай келмейді.

Сондықтан Президент Трамп бастаған Америка әкімшілігінің жаппай қызмет бабын асыра пайдалануға қатысты оқиғаларды анықтауға және «тұңғыш мемлекет» ұғымына тән саяси ежікүзділікті әшкерелеуге, дәстүрлі моральдық құндылықтарды қалпына келтіруге бағытталған жұмыстары қолдауға лайық. АҚШ-та жасалып жатқан шаруаның бәрі бүкіл әлемге тікелей әсер ететіні баршаға мәлім.

Біз тарих, дәстүр және қазіргі заман құндылықтарын әрдайым бірдей ұстанып келеміз.

Жұртты саяси прагматизмге шақырып, қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру маңызды екенін бұрыннан айтып жүрміз.

Қазір әлемде болып жатқан оқиғалар біздің бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті.

Әрине, шетелдегі жағдайды үнемі ескеріп отыру маңызды. Бірақ біз алдымен өз еліміздің ішкі мәселелеріне ден қоюымыз керек.

Біз ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта да ұтымды әрі байыпты әрекет етуіміз қажет. Талай заманнан келе жатқан өкпеленістерден, өткенге құр мақтанудан және бәрін орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет. Әлеуметтік масылдық пен саяси таяздыққа мейлінше жол бермеуге тиіспіз. Шектен шығып, тым асыра сілтейтін көзқарастарға барынша тосқауыл қойған жөн. Өйткені бұл дүние ақ пен қарадан ғана тұрмайды.

Кез келген мәселеде өзгелерді айыптап, қара бұлтты төңдіре беруге болмайды.

Қоғам санасындағы осындай құбылыстар ұлтымызды идеологиялық және мәдени тұрғыдан әлсіретеді. Тіпті, еліміз қазіргі қатігез әлемде өзгелерге жетем болуы мүмкін.

Бір сөзбен айтсақ, біздің ұлттық ой-санамыз мықты болуы керек.

Жаһанды белгісіздік жайлаған бұлыңғыр заманда бәсекеге барынша қабілетті болу үшін барлық жағынан кемел ұлт болуымыз қажет.

Бұл – өркениетті, икемді, мақсатшыл жұрт болу деген сөз.

Біз үшін ешкім елімізді дамытып, көркейтп бермейді.

Қазақстан өз азаматтарымызға, яғни бізге ғана керек.

Біз өз мүмкіндігіміз бен күш-қуатымызға арқа сүйеуіміз қажет.

Сондықтан ұлт ретінде алға басуға не кедергі болса, соның бәрінен арылып, сапалы ұлт болуға тиіспіз.

Елімізді жаһанға жайылып келе жатқан өзгерістерге дайындап, Қазақстанды кез келген сын-қатерге төтел бере алатын қуатты мемлекет етуіміз керек.

Бұл – менің Президент ретіндегі басты миссиям.

Бұл – тұтас ұлтымызға ортақ маңызды міндет.

Әр азамат мына бір қарапайым қағиданы терең ұғынуға тиіс: бір орында тұрып қалмай, үнемі өзін жетілдіре білген адам міндетті түрде табысқа жетеді.

Бәсекеге қабілетті ұлт дегеніміз – осы. Біз қолға алған реформалар елдің дамуына зор серпін берді. Қоғамның өзгерістерге деген үмітін оятып, әділдікке деген сенімді қалпына келтірді.

2019 жылдан бері Қазақстан экономикасының нақты өсімі 15,5 пайыз болды.

Еліміздің ішкі жалпы өнімі 288 миллиард долларға жетті, ал жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 46 пайызға дейін артып, 14 мың доллардан асты.

Сыртқы сауда айналымы 45 пайызға жуық өсіп, 140 миллиард доллар болды. Негізгі капиталға салынатын инвестиция бір жарым есеге ұлғайды. Былтыр оның көлемі 19 триллион теңгеден асты.

Инвестиция білім-ғылым саласына 5 еседен астам, көлік саласына 3 есеге жуық, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына 3,5 есе көп салынды.

Осы уақытта 500-ден астам зәмет бой көтерді. Көптеген денсаулық сақтау, спорт және басқа да әлеуметтік нысандар ашылды.

4400 шақырымға жуық аутокөлік жолдары салынды және жөнделді. Жаңа темір жол желілері пайдалануға берілді. Ондаған өндіріс орны іске қосылды.

Мемлекет ауыл еңбеккерлерін қолдауды барынша күшейтті. Былтыр күзде 27 миллион тонна астық жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік.

Кәсіпкерлікті дамытуға әрдайым баса назар аударылады.

Тұрғын үй құрылысының қарқыны едәуір өсіп, былтыр 19 миллион шаршы метр бап-спана пайдалануға берілді. Бұл да – бұрын-соңды болмаған жетістік.

2019 жылдан бері елімізде 250-ден астам жатақхана салынды. Соның нәтижесінде орын тапшылығы 6 есе қысқарды.

Студенттер саны ұдайы көбейіп, жоғары оқу орындарында 624 мың азамат білім алып жатқанына қарамастан, осыған қол жеткізе алдық. Бұл – жоғары көрсеткіш.

Еліміздің 90 мыңнан астам азаматы шетелде оқиды. Бұл біздің қоғамның ашықтығын көрсетеді.

Азаматтарымыз демалу үшін шетелге жиі шығатын болды.

Біздің көк төлқұжатымыз әлемдегі 92 мемлекеттің аумағына визасыз емін-еркін кіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан – халықаралық аренада зор құрметке ие мемлекет, біздің елімізді «орта держава» деп атайтын болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық орталығын ашу туралы қарар қабылдады.

Бірақ мұндай қадам жағдайға тура қарап, жалған үмітке алданбау үшін керек.

Әдемі сөйлеп, үздені үйіп-төккендер емес, мақсат жолында үздіксіз алға ұмтылып, жұртқа жаға бермесе де, аса маңызды шешім қабылдай білетіндер табысқа жетеді.

«Еңбек жолы мұратқа жеткізеді». Бұл – біз атқарып жатқан жұмыстың басты қағидасы.

Қазір геосаяси ахуал ушығып тұр. Мұндай кезде ел бірлігін, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Бұл – тұрақты дамуға қажетті ең басты шарт.

Еліміз терең әрі жан-жақты реформаларға енді ғана кірісті. Алдымызда күрделі жол тұр.

Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек.

Алдағы бірнеше он жылдыққа көз тігіп, ауқымды шаруаларды кезең-кезеңімен атқаруымыз қажет.

Біз ұзақ мерзімге арналған мақсатқа ұмтылуымыз керек.

Келешегіміз қандай болуы керек екенін нақты білуге тиіспіз. Себебі дұрыс мақсат қоя білсек қана, табысқа жете аламыз.

Тәуелсіздігіміздің 40 жылдығы жақындап келеді. Осы маңызды белеске қандай жетістікпен жетерімізді, оған дейін қандай тарихи міндеттерді орындауға тиіс екенімізді нақты білу маңызды.

Біз шындыққа тура қарауымыз керек. Еліміз бәрінен оза шауып, барлық салада және барлық бағытта бірінші қатарда бола алмайтынын түсінугіміз қажет.

Сондықтан біз өзіміздің басқалардан басын түсетін мықты тұстарымызды жақсы білуге тиіспіз.

Меніңше, Қазақстанның кемінде төрт салада орасан зор мүмкіндіктері бар. Атап айтқанда, цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені салаларында елімізді қамтамасыз етіп қана қоймай, аймақтық, тіпті, жаһандық ауқымда ықпалымызды жүргізе аламыз. Бұл қатарға адам капиталына да қосуға болады.

Цифрландыру және жасанды интеллекті қолдану ісінде еліміз зор жетістікке жете алады.

Біз қазірдің өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Электронды үкіметтің даму деңгейі жөніндегі рейтингінде 190 мемлекеттің ішінен алғашқы 25 елдің қатарына кіріп тұрмыз.

Бірақ мұнымен шектеліп қалуға еш болмайды. Қазақстанға келген шетелдіктерді мұндағы электрондық жүйенің айтарлықтай дамуы таңғалдырады.

Жоғары технологиялар экономиканың және мемлекетті басқару ісінің барлық саласын дамытуға тың серпін беріп, алға бастайды.

Үкімет озық цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллекті жаппай енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыруға арналған жұмысты еселеп күшейтуге тиіс.

Біз мәліметтерді сақтайтын және өңдейтін мықты желі түзіп, технологиялық өнімдерді жаппай экспорттауға кірісуіміз керек.

Цифрландыру ісін табысты жүргізу және жасанды интеллектіні жаппай енгізу еліміздің энергетикалық әлеуетіне тікелей байланысты.

Әлемнің цифрландыру ісіне және жасанды интеллектіге негізделген жаңа технологиялық қалыңқа көшуі энергияны көп қажет ететін үдеріс екенін түсіну керек.

Мұндай жағдайда аймақтағы және дүние жүзіндегі энергия тапшылығы үздіксіз арта береді.

Сондықтан Қазақстан өзін электр қуатымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, оны әлемдік энергетика нарығына да экспорттайтын ірі елге айналуы керек. Бұл – уақыт тасылабы.

Азаматтарымыз референдумда бірінші атом электр стансасын салу туралы шешімге қолдау көрсетіп, осы стратегиялық міндетті орындауға жол ашып берді. Бұл қадам алыс болашақтағы ахуал қалай болатынын ескере отырып, энергетика саласын кешенді түрде, жан-жақты ойластырып дамыту қажеттігін көрсетеді.

Мәселе еліміздің энергияға деген қазіргі сұранысын қанағаттандыруға ғана тіреліп тұрған жоқ.

Біз үшін ел экономикасының ондаған жыл бойы қарқынды дамуына берік негіз болатын жаңа энергетика саласын қалыптастырудың стратегиялық маңызы бар.

Мен, ел сол себепті, Қазақстанға бір емес, үш атом электр стансасын салып, ақырында толыққанды ядролық кластер қалыптастыру қажет деп есептеймін.

Осы міндеттің айрықша маңызды екенін ескеріп, мен Президент жанындағы Ядролық энергетика агенттігін құру туралы шешім қабылдадым.

Біз газ бен көмір өндіру ісіндегі мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ жаңартылатын қуат көздерінің әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Бұған кешенді көзқарас қажет.

Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт. Дүниежүзілік сауда-саттыққа тікелей байланысты болғандықтан оған барлық әлемдік державалар көңіл бөледі. Қазір халықаралық қатынас көлік-логистикалық бағыттар мен мүмкіндіктерді

дамытуға ден қояды. Бұл іспен айналысуға біздің географиялық орналасуымыз ықпал етіп отыр.

Қазақстанды Еуразияның көлік-логистикалық хабына айналдыруға көп күш жұмсауымыз қажет. Бұл міндеттің де стратегиялық сипаты басым.

Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор екені белгілі. Енді соны тиімді пайдаланатын кез келді.

Еліміздің әуелгі мүмкіндіктеріне қарасақ, біз әлдеқашан әлемдегі алпауыт аграрлық мемлекеттің бірі болуға тиіс едік.

Бірақ ауыл шаруашылығына қажетті қаржы салынған жоқ. Оған қоса бұл салада жемқорлықпен айналысатын алаяқтар белең алды. Олардың ішінде мемлекеттік қызметшілер де болды. Жалған мәліметтердің кесірінен мемлекет қағаз жүзіндегі мал санына жылдар бойы субсидия төледі.

Қазір қордаланған мәселенің бәрін шешіп, агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеру үшін көп жұмыс жасалып жатыр.

Біз алдағы бес жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімін екі есе көбейтіп, осы саладағы еңбек өнімділігін үш есе арттыруымыз керек. Бұл – өте маңызды міндет.

Қазақстан 10 жыл ішінде бидайды терең өңдеп, дайын өнім өндіретін және оны әлемдік нарыққа шығаратын ең үздік он елдің қатарына қосылуға тиіс.

Мен «Біздің басты күшіміз – адам және оның жасампаздық әлеуеті» деп үнемі айтып келемін. Өйткені білімді, еңбекқор әрі мақсатшыл азаматтар елімізді табысқа жеткізеді.

Қазақстанда азаматтарға дүниеге келгеннен бастап өмір бойы жәрдем беретін тиімді мемлекеттік қолдау жүйесі бар.

«Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» бағдарламалары, тегін орта білім, колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алуға бөлінетін өте көп гранттар – мұның бәрі өскелең ұрпақтың қадамы нық болуына септігін тигізетін сан алуан шараның бір бөлігі ғана.

Адамға салынған инвестиция – мемлекеттің ең сенімді әрі дұрыс салымы.

Біз білім-ғылым, медицина, спорт, креативті индустрия салаларына қомақты қаржы бөлуіміз қажет.

Азаматтардың өзін жан-жақты дамыту үшін барлық жағдайды жасаймыз. Себебі қазіргі заманда жекеменшік адамдардың табысты болып, бақуатты өмір сүруі нағыз қуатты мемлекеттің көрсеткіші саналады.

Мен жоғарыда атап өткен басымдықтар, яғни ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік транзиті мен энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталы Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлар болатыны анық.

Тағы да қайталап айтамын: қазір адамзат жаңа дәуірдің сипаты айқындалатын тарихи жолайрықта тұр.

Алға қарай қарыштап дамуға Қазақстанның мүмкіндігі жетеді.

Қазір жер шарының тұрғындары қартайып бара жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанды жас әрі білімді азаматтардың елі деп айтуға болады.

Біз еліміздің әлеуетін нығайта түсуіміз керек, яғни азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асатын және ең бастысы, мәселені тиімді шеше алатын әлеуеті мықты ел болуымыз қажет.

Сондықтан білім мен инновацияға негізделген дамыған әрі жоғары технологиялық экономика құруға тиіспіз.

Мұның бәрі азаматтар үшін жасалады. Себебі адам – біздің мемлекетіміз үшін ең басты құндылық.

Біздің ұлтымыздың арман-мұраты Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясына бастау алады.

Біз баршаға және өркіміге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз.

Бұл – әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз.

Заң мен тәртіп – біздің мызғымас тұғырымыз. Бұл, ең алдымен, еліміздің әр азаматына және барша халқымызға ортақ тәртіп.

Ал біздің идеологиямыз – қарапайым әрі түсінікті. Бұл – жаһандағы аса күрделі геосаяси ахуалда елімізді жаңа даму деңгейіне көтеру үшін берік негіз қалау деген сөз.

Мемлекетіміздің тағдыры мен ұлтымыздың берекелі өмірі осыған тікелей байланысты.

## Құрметті жиынға қатысушылар!

Сіздер Ұлттық құрылтай аясында көптеген бастама көтеріп, игі істерге ұйытқы болып жүрсіздер.

Отаншыл азаматтардың арқасында еліміз тұрақты дамып келеді.

Баршаңызға тағы да шынайы ризашылығымызды білдіремін.

Бүгін өзекті мәселелер талқыға түсті, біз бұл мәселелер бойынша тиісті шешімдерді қабылдадық.

Алдағы уақытта да осылай береке-бірлікте болып, еліміздің болашағы үшін маңызды жұмыстарды бірге атқара береміз деп сенемін!

Ораза қабыл болсын!  
Баршаңызға амандық тілеймін!



## ЕЛ ҚАМЫ

ІЛГЕРІЛЕУГЕ БАСТАҒАН АЛТЫ ЖЫЛ:  
Қазақстан орнықты даму жолында

Таяу күндері Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел тізгінін қолына алғанына алты жыл толады. Осы уақыт ішінде Қазақстан коронавирус пандемиясынан бастап жаһандық геосаяси шиеленістерге дейінгі көптеген сын-қатерге қарамастан, экономикалық дамуда елеулі нәтижелерге жетті.

2024 жылдың соңында ЖІӨ 288 миллиард долларды құрады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 14 мың доллардан асты. Қазақстан табысы жоғары елдер тобына едәуір жақындады.

Мемлекет басшысы мұнайдан тыс салаларды дамытуға басымдық бере отырып, экономиканы әртарапандыруды кезек күттірмейтін маңызды міндет ретінде айқындады. Аталған жұмыстың нақты нәтижесін қазірдің өзінде көріп отырмыз – шикізаттық емес салалар экономикалық өсудің қозғаушы күшіне айналуда. 2019-2024 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 31,4%-ға, құрылыста 96,3%-ға өсті. Жалпы өнеркәсіп құрылымында өңдеуші кәсіпорындар өз үлесі бойынша өндіруші сектормен теңесті.

Тек 2024 жылдың өзінде өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 1,3 триллион теңге болатын 180 инвестициялық жоба іске асырылды. Нәтижесінде, аталған секторда соңғы онжылдықтағы ең жоғары көрсеткішке – шамамен 6% өсімге қол жеткізілді. Алты жыл ішінде машина жасау секторындағы өндіріс үш есе өссе, өнеркәсіптік өндірістің жылдық орташа өсімі 20,3%-ды құрады.

Нақты сандарда, 2018 жылы 30 мың бірлікті құраған жеңіл автомобильдердің саны 134 мың бірлікке дейін жетті. Сол сияқты жүк автомобильдері бойынша да алты еседен астам – 7,1 мың бірлікке дейін, автобустар бойынша жеті есеге, яғни 2,9 мың бірлікке дейін, арнайы техника шығару шамамен үш есеге, яғни 711 бірлікке дейін өсім тіркелді.

Президент тапсырмасы бойынша мұнай-газ химиясын қарқынды дамыту қолға алынды. Еліміз шикізатты экспорттаудан оны терең өңдеуге біртіндеп бет бұрды. Полимерлер, композиттік материалдар, химиялық реагенттер өндіріліп жатыр. Мұның барлығы – әртүрлі салаларда сұранысқа ие қосылған құны жоғары өнімдер. Ірі жобалардың бірі – Атырау облысында іске қосылған КРІ зауыты бүгінде полипропилен өндірісін қолға қойды. Зауыт өзінің қуаттылығы жағынан Орталық Азиядағы осындай өндіріс орындарының ішіндегі ең ірі кәсіпорын саналады.

Астықтың былтырғы рекордтық өнімі ауыл еңбеккерлерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін көрсетеді. Алты жыл ішінде агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға 2,5 триллион теңге бөлінді, бұл ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 1,8 есеге, яғни 8,3 триллион теңгеге дейін өсуіне ықпал етті. Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда еңбек өнімділігі бес жыл ішінде екі есе өсіп, 4,2 миллион теңгеге жетті. Ал, азық-түлік өндірісінің көлемі 2,1 есе ұлғайды.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау – Мемлекет басшысы басымдық берген негізгі бағыттың бірі. Мемлекеттік сатып алуға машина жасау, металлургия, құрылыс, жеңіл және химия өнеркәсібі, сондай-ақ азық-түлік тауарлары бойынша тек қана қазақстандық өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі едәуір кеңейтілді.

Осы орайда ұлттық даму институттары Қазақстан экономикасына салынатын инвестиция көлемін ұлғайта түсуде. Тек 2025 жылдың өзінде «Бәйтерек» холдингі арқылы 8 триллион теңге инвестиция салынады, ал 2027 жылға қарай Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бұл сома 10 триллион теңгеге дейін ұлғайтылады.

Серпінді дамуға қажетті маңызды шарттардың бірі – шетелдік инвестициялар Қазақстан экономикасына тұрақты тартылуда. Мұның шетелдік кәсіпкерлер тарапынан көрсетіліп отырған еліміздің экономикалық әлеуетіне деген үлкен сенім мен жоғары рейтингтер растап отыр. Атап айтқанда, 2024 жылы Қазақстан Moody's агенттігінің «Тұрақты» болжамымен өз тарихындағы ең жоғары Ваа1 рейтингіне ие болды. Халықаралық S&P, Fitch рейтинг агенттіктері де Қазақстанның несиелік рейтингін инвестициялық сенімділік деңгейінде растады.

Соңғы алты жыл ішінде экономикаға 130 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестициялар тартылды.

Шетелдік серіктестер өңдеу өнеркәсібі саласына көбірек инвестиция сала бастағанын атап өту маңызды. Оның көлемі 72,7 миллиард долларға жетті. БҰҰ Қазақстанды теңізге шыға алмайтын елдер арасында ірі ТШИ көлемін алушы ретінде екінші орынға шығарды.

Мемлекет басшысының белсенді дипломатиялық күш-жігерінің арқасында өзге елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып келеді. Нәтижесінде, соңғы алты жылда сыртқы сауда айналымы бір жағын есеге, 94,8 миллиард доллардан 141,4 миллиард долларға дейін өссе, экспорт көлемі 61,1 миллиард доллардан 81,6 миллиард долларға жетті.

Экспорт құрылымында өңделген тауарлар үлесінің артуы атқарылған жұмыстың елеулі нәтижесі болды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша олардың шетел нарықтарына экспорты 28,8 миллиард долларға жетті. Бұл 2018 жылғы көрсеткіштен шамамен екі есе жоғары. Машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен құрылғылар экспортының үлесі 1,1%-дан 5,8%-ға дейін артты. Экспорт құрылымындағы шикізаттың үлесі де барған сайын азайып, 2018

жылғы 74,5%-дан 2024 жылы 63,5%-ға дейін төмендеді.

Президенттің басшылығымен еліміздің инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Ұзақ жылдар бойы жылу энергетикасы секторына тиісті көңіл бөлінбей келді: республика бойынша инфрақұрылымдық желілердің тозу деңгейі 65%-ға, ал жекелеген өңірлерде тіпті 90%-ға жетті. Қазір энергетика және коммуналдық салалардағы дағдарыстың ауыр кезеңін еңсере алдық. Егер 2019 жылы жылу көздерінің орташа тозу деңгейі 71%-ға жетсе, қазір оны 61%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туды. Бұл жұмыс жалғасатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша былтыр 86 мың шақырым инженерлік желіні жаңғыртуды, сондай-ақ жаңа қуат көздерін іске қосуды көздейтін Ұлттық жоба іске асырыла бастады. Бұл технологиялық аппарат санын 20%-ға қысқартуға, еліміздегі энергетикалық және коммуналдық секторлардың тозу деңгейін орта есеппен 40%-ға азайтуға, генерацияның 7 ГВт-тан астам арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл бағытта отандық өндірістің қуатын барынша тартуға маңыз берілетінін айта кету керек. ТКШ саласы үшін өнім шығаратын кәсіпорындардың әлеуетін толық пайдалану жоспарланып отыр. Қазақстандық компаниялардың жоспарланған өнім көлемі шамамен 3,5 триллион теңгені құрайды.

2019 жылдан бері электр энергиясын тұтыну 14%-ға өсіп, шамамен 120 миллиард кВт/сағ құрады. Халық санының өсуін, сондай-ақ жүргізіліп жатқан индустриялық даму және цифрландыру саясатын ескере отырып, энергия тұтыну одан әрі арта түседі деп болжанып отыр. Осыған орай Президент тапсырмасы бойынша ядролық энергетиканы дамыту қолға алынды. Бірінші АЭС құрылысының ауданы анықталды. Тағы екі станция салу үшін құрылыс орындарын анықтау жұмыстары басталды.

Сондай-ақ құрылыс индустриясы да рекордтық өсу қарқынын көрсетіп отыр. 2024 жылы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 6,4 миллион шаршы метрге немесе 51,4%-ға артып, 19 миллион шаршы метрге жетті. 2019–2024 жылдар аралығында барлығы 97,8 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл қазақстандық ондаған мың отбасыға жылжымайтын мүлік сатып алуға және тұрмыс деңгейін жақсартуға ықпал етті.

Сонымен қатар жолдардың құрылысы мен оларды жөндеу жұмыстары Президенттің тұрақты бақылауында. Соңғы алты жылда республикалық маңызы бар 4,4 мың шақырым автожолдарды, оның ішінде Орталық – Шығыс, Орталық – Оңтүстік, Талдықорған – Өскемен, Ақтөбе – Атырау – Астрахан және басқа да күре жолдарды реконструкциялау аяқталды. 2024 жылы 12 мың шақырым көлік магистралі құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылды, оның 8 мың шақырымы – республикалық, ал қалған 4 мың шақырымы жергілікті жолдарға тиесілі. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Сондай-ақ кейінгі алты жылда 250-ге жуық жол бойындағы сервистік жаңа нысандар салынды. Жол бойында ұлттық стандартқа сай келетін қызмет көрсету нысандарының үлесі 52%-дан 90%-ға дейін ұлғайтылды.

Теміржол көлігі арқылы жүк тасымалдау көлемінің өсуімен қатар жолдарды жөндеу жұмыстарына деген қажеттілік те арта түсуде. Жыл сайынғы күрделі жөндеу көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 2024 жылы 41%-ға өсті. Алты жыл ішінде барлығы 3 мың шақырым теміржолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Биыл Достық – Мойынты теміржол учаскесінің екінші желісінің құрылысы аяқталды, бұл өткізу қабілетін 12 жұл пойыздан 60 жұл пойызға дейін арттырады. Сондай-ақ Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісі де Алматы торабының жүктемесін 40%-ға жеңілдетеді.

Аталған жобаларды іске асыру Еуропа мен Қытай арасындағы жүк айналымын, сондай-ақ еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

2019 жылдан бері теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемі 20%-ға өсті. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша айтарлықтай өсім қалыптасып отыр. Көлік инфрақұрылымын жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың есебінен ТХКБ арқылы транзиттік тасымал көлемі 2019 жылдан бері алты есеге (2024 жылы – 4,5 миллион тонна), қазақстандық өнім экспорты 12 есеге өсті. Мемлекет басшысы жариялаған Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз жаңа тас жолы аталған бағытқа тың серпін бермек.

Елімізді газдандыру жұмыстары жалғасуда. 2025 жылдың басында 12 миллионнан астам адам табиғи газға қол жеткізді. 2024 жылы 1,7 мың шақырымнан астам газ желілері салынды. Биыл елді мекендерді газдандыру бойынша тағы 45 жоба іске асырылуда, бұл газбен қамтылғандарды 12,4 миллион адамға дейін, ал газдандыру деңгейін 62%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Басым міндеттердің бірі – қазақстандықтарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту. Соңғы жылдары ауқымды жұмыс атқарылды: егер 2019 жылы сумен жабдықтау қалаларда 97,2% және ауылдарда 86,4% болса, бүгінде бұл көрсеткіштер тиісінше 99,4% және 97,8%-ға жетті. 6 256 ауылдың ішінен 5 523 ауыл сумен қамтылды. Қалған 733 ауыл осы жылдың соңына дейін таза суға қол жеткізеді. Соның ішінде 238 елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелері салынады, 595 ауылдық елді мекенде кешенді блок-модульдер орнатылады.

Астанадағы ауызсу тапшылығы мәселелерін шешу үшін Президент тапсырмасы бойынша 2023 жылы қуаттылығы тәулігіне 105 мың м3 болатын №3 сорғы-сүзгі станциясының құрылысы аяқталды. Сондай-ақ Сәтбаев атындағы канал-ша тозу деңгейі 71%-ға жетсе, қазір оны 61%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік туды. Бұл жұмыс ұзақ мерзімге шешуге мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымды жаңарту, газбен жабдықтау және жол құрылысымен қатар адамдарды төтенше жағдайлардан қорғау да маңызды орын алады. Қайғылы оқиғалар тізбегі ТЖ қызметтерінің материалдық-техникалық жарақтандыру ісінің түйткілі мәселелерін ашып берді.

Президенттің тапсырмасы бойынша апаттық-құтқару жұмыстарын шұғыл әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи апаттық-құтқару техникалары, құрал-жабдық үлгілері сатып алынды. Соңғы алты жылда жабдықтау деңгейі 53%-дан 64%-ға дейін өсті және одан әрі өсе бермек.

Аталған шаралар төтенше жағдайларға қарсы дайындық деңгейін жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздікті де арттыруға ықпал етеді. Халықты құлақтандыру жүйесі сияқты жаңа технологиялар қолданыла бастады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенді тәсілі ТЖ қызметтерін дамытуға ғана емес, сонымен қатар «3аң мен Тәртіп» қағидаты шеңберінде қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шараларды күшейтуді де қамтиды. 2019 жылдан бері қылмыс деңгейі 52%-ға, қоғамдық орындарда 60%-ға төмендеді.

Азаматтардың, әсіресе әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге басымдық берілуде. Қасым-Жомарт Тоқаев отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу туралы үнемі айтып келеді. Осы саясат шеңберінде отбасындағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуға бағытталған, ұрып-соғуды және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруді қылмыстық жазаға жатқызуды көздейтін заң қабылданды. Ол бұрын тек әкімшілік нормалармен реттеліп келген болатын.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жақында ғана өскелең ұрпақты қолдау шараларын жүйеге келтіруге және күшейтуге бағытталған «Қазақстан балалары» атты жаңа біртұтас бағдарламаны ұсынды.

Биылғы 14 наурызда өткен Ұлттық құрылтайда Президент біздің еліміз әлеуметтік мемлекет болып табылатынын тағы да атап өтті. Әрі бұл әлеуметтік көрсеткіштердің өсуі бойынша мемлекеттің нақты шараларынан көрініс тауып отыр.

Соңғы алты жылда ең төменгі жалақы мөлшері кезең-кезеңімен екі есе, яғни 42 500 теңгеден 85 000 теңгеге дейін ұлғайды. Бұл шамамен 2 миллион азаматтың әл-ауқатына оң әсер етті.

600 мыңға жуық педагогтың жалақысы екі есеге артты, үш жыл ішінде дәрігерлердің жалақысы жыл сайын 30%-ға, орта медициналық персоналдың жалақысы 20%-ға көтерілді, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы 38 мың қызметкердің жалақысы екі есеге ұлғайтылды.

Көпбалалы отбасыларға олардың табысына қарамастан төленетін жәрдемақы енгізілді, бала күтімі бойынша төлемдер бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзартылды. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін арнайы төлем енгізілді.

2019 жылдан бастап өмір сүру ұзақтығы 73 жасқа 75 жасқа дейін ұлғайды. Жалпы өлім-жітім 7,8%-ға, ана өлімі – 26,3%-ға, нәрестелердің шетінен кету көрсеткіші – 15,8%-ға төмендеді. Бұған профилактикалық тиімділігін арттыру және скринингпен қамту деңгейін кеңейту ықпал етті.

2019 жылдан бастап бүкіл еліміз бойынша 955 денсаулық сақтау нысаны салынды. Олардың ішінде Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық және Ұлттық жедел медициналық үйлестіру орталығы сияқты маңызды мекемелер бар.

Президенттің «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасының арқасында, бала сүйе алмаған отбасыларда 2021 жылдан бері 9 мыңнан астам сәби дүниеге келді.

Денсаулық сақтау жүйесінің кадрлық әлеуетін арттыруға, әсіресе ауылдық жерлерді қажетті мамандармен қамтуға ерекше назар аударылып келеді. Мәселен, ауылдық елді мекендерге кемінде 5 жыл мерзімге жұмысқа келген медицина қызметкерлеріне 8,5 миллион теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем енгізілді. Тұрғын үй мәселелерін шешудің қолжетімді құралдары бар.

Білім беру саласында атқарылып жатқан іс-шаралар мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын жоюға, білім сапасын жақсартуға, педагог мәртебесін көтеруге бағытталған. Соңғы алты жылда 1 367 балабақша ашылып, кезекте тұрғандардың санын 5 есеге қысқартуға қол жеткізілді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары 100% тегін тамақпен

қамтамасыз етілді.

2019 жылдан бері елімізде рекордтық көлемде – 1 200 мектеп салынып, 1 миллионға жуық оқушы орны ашылды.

Ауылдық жерлердегі 3 мыңнан астам мектеп жаңғыртылды. Бұл 32 апатты жағдайдағы және 71 үш ауысымды мектептің мәселесін, сондай-ақ еліміздегі 200 мектептегі орын тапшылығын шешуге мүмкіндік берді.

Биыл шамамен 200 мектептің құрылысы жалғасады. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, аудан орталықтары мен ауылдарда 1 мың мектепті жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл өте маңызды бағыт, өйткені еліміздегі орта мектептердің 2/3 бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан.

Президент жариялаған «Жұмыссыз мамандықтары жылы» техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіруге тың серпін берді. Жаңа экономика үшін білікті әрі сұранысқа ие кадрларды даярлау мақсатында колледждер мен өнеркәсіптік кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық нығайтылуда. Қазіргі уақытта 498 компания 410 білім беру мекемесін қамқорлыққа алды, «Жас маман» жобасы аясында 180 колледж жаңғыртылды. Колледж студенттерінің стипендиясы 50%-ға ұлғайтылды. ЖОО студенттеріне арналған 62 мың орындық 251 жатақхана пайдалануға берілді.

Ғылыми кадрларды қолдау да ерекше маңызға ие, әсіресе соңғы алты жылда ғылымдағы жастардың үлесі алты есе өсіп, 46%-ды құрағанын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі арта түскенін байқауға болады. Ол үшін докторантураға бөлінетін білім беру гранттарының саны артып, ғылыми зерттеулер жүргізу мүмкіндіктері кеңейі түсуде.

Ғылыми жетістіктерді нақты экономика секторына енгізу және оларды коммерцияландыру – маңызды бағыттардың бірі. Биыл 2 297 ғылыми жоба мен 299 ғылыми-техникалық бағдарлама жүзеге асырылуда. Жас ғалымдар ғылыми қызметке белсенді түрде тартылып, олардың қатысуымен 1 055 жоба іске асырылып жатыр.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға келетін болсақ, бүгінде 208 жоба қолданысқа сәтті енгізілді, 180-нен астам өндіріс сатылым кезеңіне шықты. Коммерцияландыру жобаларының еліміздің экономикасындағы жалпы үлесі 118,7 миллиард теңгені құрады. 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. 25 жоба экспортқа шықты, 6 жобаның сатылым көлемі 1 миллиард теңгеден астам сомаға жетті.

Спорттық инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Алты жыл ішінде өңірлерде 314 дене шынықтыру-сауықтыру кешені және 58 бассейн салынды. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 40-қа, яғни 481-ден 521-ге дейін ұлғайтылды. Нәтижесінде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданатын азаматтардың үлесі 31,5%-дан 41,4%-ға немесе 5,9 миллион адамнан 8,4 миллион адамға дейін өсті.

Мемлекет басшысының заңсыз иемденілген активтерді қайтарып алуға түскен қаражатты әлеуметтік міндеттерді шешуге бағыттау жөніндегі тапсырмасы әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртудың пәрменді құралына айналды.

Арнаулы мемлекеттік қордан білім беру, денсаулық сақтау, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында 280-ге жуық жобаны жүзеге асыруға, сондай-ақ инженерлік желілер мен су шаруашылығы нысандарын жаңғыртуға 194 миллиард теңгеден астам қаражат аударылды.

Мемлекет басшысы жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу міндетіне басымдық беріп отыр. Бұл экономикалық өсудің жаңа қозғаушы күшіне айналуда тиіс.

Қазақстан IT-қызметтер экспортын ұлғайта отырып және осы бағытта елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, Орталық Азия елдері арасында сенімді түрде көш бастап келеді.

Бұл сала бойынша еліміздің бәсекешестік артықшылықтары жетерлік. Цифрлық шешімдер түрлі салаларға дендеп еніп, олардың тиімділігі мен жедел дамуын қамтамасыз етті. Балабақшаларда «Отбасының цифрлық картасы», «Әлеуметтік әмиян» және цифрлық ваучерлер белсенді қолданылады. QazaqLaw (заңнамалық база бойынша көмекші), LLM ұлттық тілдік моделі жасалды, «Бизнестің цифрлық картасы» және басқа да жобалар әзірленуде.

Соңғы бес жылда инновациялық өнім көлемі екі еседен астам, 1,1 триллион теңгеден 2,4 триллион теңгеге дейін өсті.

ЖИ дамуына жәрдемдесу үшін Президент тапсырмасы бойынша «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында қаржыландырудың мақсатты көлемі 1 миллиард долларды құрайтын Qazaqstan Venture Group қорларының венчурлық қоры құрылды.

Қор Қазақстан мен Орталық Азияның инновациялық жобаларына басымдық бере отырып инвестиция салады.

Биыл еліміздің жедел цифрлық трансформациясына ықпал ететін Aem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылады.

Ұлттық құрылтай отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік, энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталының даму әлеуеті жоғары екенін ерекше атап өтті. Үкімет жүктелген міндеттерді орындауға бар күш-жігерін салады.

Керіп отырғанымыздай, соңғы 6 жыл ішінде атқарылған жұмыс аз емес, бірақ алда бұдан да ауқымды міндеттер тұр.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тегеурінді басшылығымен Қазақстан үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, өзінің орасан зор әлеуетін толық іске асыратынына сенімдімін.



## ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА РЕКОРД БІР МЕЗГІЛДЕ 336 БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың қатысуымен балалардың тұсау кесу рәсімі өтті.



ZHENIS\_ISKABAY

Облыстың аудан-қалалары спорт сарайындағы шараға бейнебайланыс арқылы қосылды. Осы күні Кербұлақ, Көксу, Ескелді, Алакөл, Сарқан аудандарында 30 баладан, Ақсу ауданы мен Текелі қаласында 20 баладан, Қаратал ауданында 50 бала, сондай-ақ, Талдықорған қаласында, жалпы саны 336 баланың бір мезгілде тұсауы кесілді.

Тұсаукесер рәсімін балалардың жолы ашық, қадамы нық, өмірі ұзақ болсын деген ниетпен көпке сыйлы ардагерлер, өнер қайраткерлері, қаламгерлер, журналистер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметшілер, кәсіпкерлер, қоғамдық бірлестік өкілдері т.б. атқарды.

## «ЖЕТІСУ САЛБУРЫНЫ – 2025»

### САЯТШЫЛЫҚ – ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШ

Талдықорғанда Наурыз мерекесіне орай алғаш рет «Жетісу салбурыны – 2025» республикалық турнирі өтіп, оған еліміздің әр өңірінен 12 команда және 54 құсбегі қатысты. Құсбегілер сайыстың негізгі кезеңдерінде бүркітті қолға шақыру және шырғаға салу бойынша бақ сынады.



Жарыс қорытындысы бойынша «Бүркіт» номинациясында атыраулық Арман Кушқаров I орын, Алматы облысының бүркітшілері Алмас Сейітжан II орын, Өмірхан Баетбай, Сейітжан Бексұлтан III орынды иеленді.

Ал «Қаршыға» аталымында жамбылдық Берікболсын Бабажан алтын, алматылық Аян Сейітжан күміс, Жамбыл облысынан келген Бақдәулет Бабажан мен Алматы облысының саятшысы Бекнияз Қуанышбаев қола медальға ие болды.

Қарағандылық Таңат Оспанқұлов «Ителгі» номинациясында үздік шығып, I орын алса, II орын жетісулық Кісей Әбдікәрімге, III орын Алматы мен Астана қалаларынан келген Ерасыл Серікбекұлы мен Сұлтансері Есентаевқа берілді.

## «НАУРЫЗНАМА» АЯСЫНДА ЖАҢАРУ КҮНІ

Наурызнаманың алтыншы күні Республика көлемінде табиғаттың, қоғам мен идеялардың жаңаруын айшықтайтын жаппай ағаш егу рәсімі өткізілді. Жетісулықтар да өмірдің барлық саласындағы жаңғыруды паш ететін белгі ретінде «Жаңару күні» көгалдандыру бағытындағы жалпыұлттық акцияға жұмыла атсалысты.

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл бастап, облысымыздың беделді азаматтары, ақсақалдар, ақ жаулықты әжелер, ҚХА мүшелері, үкіметтік емес ұйымдар, дін өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, жастар мен мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен Талдықорған қаласындағы «Көктем» демалыс аумағына жас ағаш көшеттерінің 300-ден астам данасын отырғызды. Жалпы Талдықорған қаласы бойынша жыл бойы 12 мың жапырақты және қылқан жапырақты ағаш егу жоспарланса, соның 2 мыңға жуығы көктемде,



10 мыңы күз мезгілінде отырғызылмақ. Мереке аясында облыс әкімі Бейбіт Исабаев дәстүрге сай осы күні бұлақ көзін ашу рәсімін өткізді. Шараға қатысқан еліміздің танымал айтыскер ақыны Айтақын Бұлғақов су көзіне "Наурыз бұлақ" атауын беруді ұсынып, ол облыс басшысы тарапынан қолдау тапты.

Өз тілшіміз

## ҚАУІПСІЗДІК

### АЭРОВИЗУАЛДЫ БАҚЫЛАУ

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Төтенше жағдайлар департаментінің және «Қозғалыс» ММ филиалының басшылығымен бірлесіп Жетісу Алатауы тауларына аэровизуалды тексеру жүргізді. Әуеден бақылау барысында су тасқынының алдын алу мақсатында таулы өңірлердегі қар жамылғысы деңгейі мен қардың еру процесіне зерделеу жасалды. Сондай-ақ аудан, қала әкімдері жергілікті жерлерде селдің алдын алу бағытында қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берді. Бұл ретте Көксу, Көктал, Қоғалы, Биен, Ақсу, Сарқан, Ағынықатты, Ленсі, Кіші және Үлкен Басқан өзендерінің бассейндерінің қазіргі жағдайына назар аударылды.

Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне қарағанда, бүгінгі күні теңіз деңгейінен 1500-2000 м биіктіктегі қар жамылғысының қалыңдығы 30 см-ден 70 см-ге дейін, өзен арналарында жиекмуздар, кептелістер жоқ, судың өтуі кедергісіз. Мореналық көлдер қысқы режимде. Төменгі Жасылкөл үйінді келінінің жағалау бойындағы акваториясы біртіндеп мұз

бен қардан босатылуда.

Әуеден бақылау барысында өзен бассейндеріндегі гидрологиялық жағдай маусымдық ауа райына сәйкес екені анықталды. Облыс әкімі су тасқыны жағдайын болжау мен талдауға мүмкіндік беретін мұндай мониторингілеу жұмыстарын жүйелі негізде жүргізу керектігін атап өтіп, су тасқыны қаупінің алдын алуды қамтамасыз етудің кешенді шараларын күшейтуді тапсырды.

Атап өтсек, 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне алдын ала дайындық шеңберінде өткен жылы 34 іс-шара атқарылды. Ал биыл бұл мақсатқа 1,9 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Бұл қаражатқа бірқатар магистралды каналдарды жөндеу, су тасқыны қаупі бар 2 өзенде нығайту, тереңдету жұмыстары және профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі.

Жалпы су тасқыны жағдайының күрделенген кезеңіне дайындық ретінде бүгінгі күнге аудан және қала әкімдіктерімен 16 мың тонна инертті материал, 112 тонна жанар-жағармай мен 189 мотопомпа дайындалды. Инженерлік техниканы тарту бойынша шаруашылық субъектілерімен саны 101 меморандум жасалды. Өңірде 235 эвакуациялық пункттер әзірленді.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ЖАНАШЫР ЖҮРЕК

«Наурызнама» тұжырымдамасы аясында «Жанашыр жүрек» республикалық қайырымдылық акциясы Жетісу өңірінде де кеңінен атқарылуда. Қазіргі кезде акция аясында облыстың аудан-қалаларында жалпы саны 3 мыңнан астам отбасы қайырымдылық шараларымен қамтылып, оларға 33 млн. теңгенің көмегі көрсетілді.

Мәселен, Көксу ауданында демеушілер 20 баланың балабақшаға төленетін бір жылдық төлемін жасап берді. Ал Қаратал ауданында азық-түлік көмегі ерекше

қажеттіліктері бар 80 тұрғынға берілді. Қайырымдылық акциясына ауданның кәсіпкерлері мен тұрғындар белсене қатысты.

Қайырымдылық шараларынан өңірдің еріктілері де шет қалған жоқ. Мысалы, «Мейірімді Жетісу» еріктілер фронт-офисі қайырымдылық қорымен бірлесіп Талдықорғанда және қалаға жақын аудандарда аз қамтылған отбасыларға 100 дана азық-түлік себетін таратты. Акция аясында азаматтарға азық-түлік себеттері, қыстық отын қоры, ұсақ мал, дәрі-дәрмек, қаржылай көмек, мерекелік сыйлықтар беріліп, ауы-зашарлар, концерттер ұйымдастырылды, мерекелік шараларда көпшілікке наурыз көже, ыстық бауырсақ, құрт-ірімшік ұсынылды.

## КӨКТЕМ – 2025

### ЕГІС АЛҚАБЫ 510 МЫҢ ГЕКТАРДАН АСАДЫ



Өңірде көктемгі егіс жұмыстарына дайындық жалғасуда. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 510 мың гектардан асады, оның ішінде дәнді дақылдар 295,3 мың гектарды, майлы дақылдар 89,7 мың гектарды, қант қызылшасы 12,2 мың гектарды, картоп 6,8 мың гектарды, жемшөп дақылдары 97,3 мың гектарды құрайды.

Егіс науқанын сәтті өткізу үшін жаздық ауыл шаруашылығы дақылдарының 52,1 мың тонна тұқымы дайындалды. Тұқымдарды зертханалық тексеру жалғасуда. Қант қызылшасын себуге 17,4 мың тонна тұқым қажет, оның негізгі көлемін Көксу қант зауыты мен «Жетісу ӘКК» қамтамасыз етеді.

Өңірдің шаруашылықтарына 58,8 мың тонна минералды тыңайтқыш қажет болады.

Көктемгі егіс жұмыстарының қалыпты жүргізілуін қамтамасыз ету үшін шаруаларға 5,5 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінетін болады.

Егіс алқабына 20 414 бірлік техника жұмылдырылады, арнайы техниканың 99%-ы жұмыстардың басталуына дайындалып қойған.

«Кең дала-1» және «Кең дала-2» бағдарламалары аясында көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге 2025 жылы 3,7 млрд теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда «Аграрлық несиелік корпорациясына» 4,3 млрд теңге сомасына 170 өтінім келіп түсті, 2,5 млрд теңге сомасына 77 өтінім бойынша қаржыландыру бөлінді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



## Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қала қонақтары!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!  
Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан,  
тұрмыс-тіршілігін табиғат анамен тығыз байланыстырған  
халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың  
бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп білген.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы –  
Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт –  
береке әкелсін! Ұрыстың бастауы болған бұл мейрамды  
талдықорғандықтар лайықты табыстармен қарсы алып,  
алдағы күнге зор үміт пен сенімдерін арттып отыр.

Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа  
күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!  
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Ернат БӘЗІЛ,  
Талдықорған қаласының әкімі

## Құрметті талдықорғандықтар!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз  
мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Өз-Наурыз – жаңашылдық пен жасампаз рухтың  
жаршысы. Осы күндері Жер-ана қайта түлеп, тіршілік  
атаулы түгел жанданады.

Тағылымы мол бұл мереке – жаңару мен  
жаңғырудың, адам мен табиғат арасындағы үндестіктің, келісім мен  
татулықтың алтын арқауы.

Халқымыз қашанда жыл басын ізгі ниетпен, үкілі үмітпен, ақ жарма  
тілеппен қарсы алады.

Ұлыстың ұлы күнінде ұрпақтар сабақтастығы, достық қарым-  
қатынастар мен қонақжайлық салты дәріптеледі. Сондай-ақ, тереңнен  
тамыр тартатын құндылықтарымыз, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету  
дәстүрі ерекше салтанат құрады.

Наурыз – ұлтына, дініне қарамастан, барша жұртты ұйыстыратын  
жалпыұлттық мейрам. Бұл мереке халқымызды береке-бірлік пен  
ортақ мүддеге жұмылдырады. Біз әрдайым қиын сәтте бір-бірімізге қол  
ұшын созып, қолдау көрсетуге дайынбыз.

Наурыз мейрамы тәуелсіз Қазақстанымыздың жаңғыруымен  
сабақтасып жатқандай.

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толайым табыс тілеймін!  
Өз-Наурыз әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін!

Берік АБЫЛХАН,

Талдықорған қаласы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі

## ҚАЛА ТЫНЫСЫ

### КӘСІПОРЫНДАР ҚАТАРЫ АРТТЫ

Облыс деңгейінде Талдықорған қаласының өндірістері  
үлес салмағы – 48,0%. Жалпы атқарылған жұмыстардың  
нәтижесінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша  
өнеркәсіп саласында 166,6 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп,  
2023 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,3%  
құрады (2023 ж. – 139,6 млрд.теңге).

Өндірістің ішінде 81,3% өңдеу өнеркәсібіне тиесілі немесе 135,4  
млрд.теңгенің өнімі шығарылды, нақты көлем индексі -105,0%.

Қала аумағында барлығы 259 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді,  
оның 13 ірі және орта кәсіпорын өндіріс көлемінің 69,7%, соның ішінде  
жүйе құраушы 4 кәсіпорын қаланың жалпы өнеркәсіп саласындағы  
көлемінің 49,5% өндіреді.

Кәсіпорындарында тамақ өнімдері (сүт, нан мен тоқаш), құрылыс  
материалдары (темірбетонды блоктар, керамикалық плиткалар, ар-  
матура, құрғақ құрылыс қоспалары, лак, түрлі-түсті бояулар, базальт  
жылытқыштар), аккумуляторлық батареялар, кабельдік-өткізгіш өнімдер  
және электр желісін салуға арналған металл конструкциялар өндіріледі.

2024 жылы 5 жаңа кәсіпорын іске қосылды және 1 өндіріс кеңейтілді,  
нәтижесінде 209 жұмыс орны құрылды («Қарқын групп» ЖШС, «Талсай-  
Ет» ӘКК, «Назар» ЖК, «Полимер Ріре» ЖШС, «Рахатаев» ЖК, «ASMA  
Industrial» ЖШС). Оның ең үлкені 2024 жылдың 6 желтоқсаны күні іске  
қосылған «ASMA Industrial» ЖШС-нің стационарлық аккумуляторлық  
батареялар шығаратын зауыт (8,5 млрд. теңге, 180 жұмыс орны).

Өңдеу өнеркәсібі саласына 2024 жылы 12,2 млрд.теңге көлемінде  
инвестиция тартылды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,9 есеге  
жоғары (нақты көлем индексі – 192,6%, 2023ж. – 8,6 млрд.теңге)

Өнеркәсіп өндірісін дамыту және инвестициялық тартымдылықты  
арттыру үшін «Талдықорған» индустриалдық аймағы құрылған, бұл –  
біздің экономикамыздың өсу нүктесі болып табылады.

Өткен жылы индустриалдық аймақта орналасқан, бірақ бірталай  
уақыт тоқтап тұрған екі кәсіпорын өз жұмысын қайта жандандырды  
(«Жетісу Мажио» ЖШС және «Жетісу Май» ЖШС).

Өнеркәсіп саласын дамыту бойынша жұмыстар тұрақты түрде  
жалғастырылуда. Ағымдағы жылы да 5 өндіріс орнын іске қосып, бір  
кәсіпорынды кеңейту жоспарланған (292 жаңа жұмыс орны). Соның  
ішінде, ірі инвестициялық жоба «Стальбетон» ЖШС газбетонды блок-  
тарды автоклавты жолмен қатайту арқылы өндіретін зауыты іске қосу  
(2,5 млрд.теңге, 50 жаңа жұмыс орны) жоспарымызда бар.

Рүстем БЕРШІНБЕКОВ,  
Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары

## Ұлттық киім - бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық  
құрылтайда Өз-Наурыз мерекесіне  
әзірленген тұжырымдамадағы «Ұлттық  
киім күні» қоғамның зор қолдауына ие  
болғанын, қазақи нақыштағы киім кию  
біртіндеп қалыпты көрініске айналып келе  
жатқанын және бұл өте жақсы үрдіс  
екенін атап өткен болатын. «Бет-жүзді  
тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің  
ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық.  
Әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте  
ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім – біздің  
бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды  
көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз кер-  
ек», – деді Мемлекет басшысы. Ұлыстың  
ұлы күні Наурыз мерекесінің аясындағы  
онкүндікке орай этно-дефиле өтті.

Халқымыздың басты байлығы бірлікті ұлықтап,  
ынтымақ пен татулықты ту еткен жеріміздегі бірнеше  
ұлт пен ұлыстардың достық биі және сәнді киім  
үлгілері көрермен назарына ұсынылды. Сондай-ақ,  
шара барысында 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер  
ойындарының этноауыл «ALAMAN QURAQ» жоба-  
сына Жетісу облысының атынан қатысып, мәдениет  
пен ұлттық салт-дәстүрді насихаттап, жоғары  
дәрежеде атсалысқан ісмер өнерпаздар мара-  
патталды. Оларға 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер  
ойындарын ұйымдастырудағы күш жігері мен елеулі  
үлесі үшін Юнесконың арнайы сертификаты табы-  
сталды. Қатарында еліміздегі ең қарт аламаншы-  
құрақшы Талдықорған қаласының тұрғыны  
Тұмарбала Сәлекеева да бар. Айта кетейік, жерлес  
шеберлеріміз адамзат өркениетінің мол мұрасын,  
этно-спорттың және этно-мәдениеттің дәстүрін  
дәріптеу мақсатында Көшпенділер ойындарында



жалпы көлемі 11200 шаршы метрді құрайтын құрақ  
көрпелер көрінісін ұсынып, екінші мәрте рекорд  
орнатқан болатын.

Наурыз – көктемнің келуін, табиғаттың жаңаруын,  
жақсылық пен молшылықты бейнелейтін ерек-  
ше мейрам. Бұл мереке дәстүрлеріміздің жанда-  
нуына, салт-дәстүрімізді мейлінше насихаттауға  
мүмкіндік береді. «Ұлттық киім» күніне орай «Наурыз  
Аруы - 2025» сұлулық байқауының ақтық кезеңі  
өтті. Байқаудың мақсаты – қазақ тілінің, ұлттық  
құндылықтың, мәдени мұраның негізін сақтау және  
насихаттау, қыздардың өнері мен білімін көрсету. Бұл  
тек сыртқы сұлулықтың емес, рухани байлықтың,  
ізеттілік пен зеректіліктің көрінісі. Арулар «Бұрымды  
Ару», «Күлімкөз Ару», «Парасатты Ару», «Әсемдік  
Аруы», «Нәзік Ару», «Көркем Ару», «Ажарлы Ару»,  
«Білімді Ару», «Инабатты Ару» номинацияларына  
ие болды. Ал, Еркежан Серікхан «Наурыз Аруы –  
2025» жеңімпазы атанды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## Амал күні келіпті, Наурыз басын тойлайтын

Күн мен түн теңелер  
Наурыз мерекесін ата-  
бабаларымыз сан мыңдаған  
жылдардан бері атап өтіп  
келеді. Тіршілік атаулының  
жаңа парағы ашылатын бұл  
кезең жарауның жіңішкеріп,  
жіңішкенің үзілетін шағы.  
Салт-дәстүріміз кеңінен  
дәріптеліп, ұлттық ойын-  
дарымыз ұлықталатын  
мейрамды халқымыз ерек-  
ше сән-салтанатымен  
өткізген. Наурыз мерекесінің  
қарсаңында бастау ала-  
тын Жетісу күнін Жетісу  
жұртшылығы айрықша атап  
өтті.



Мұны «Амал мерекесі» деп те атайды. Бұл  
күні адамдар таң ата салысымен үй-үйді ара-  
лап, үлкендерге сәлем береді. Халық арасында:  
«Амал күні кімде-кім қырық үйдің есігін ашса, қырық  
адаммен көрісер болса, Құдай тағала күнәларын  
кешіріп, дұға-тілектерін қабыл етеді» деген сенім  
бар. Көрісу – тек адамдардың бір-бірімен қауышып,  
жақсылық тілейтін мерекесі ғана емес, соны-  
мен қатар, жастардың үлкендерге ізет көрсетіп,  
ақ батасына кенелетін күн. Аталмыш мере-  
ке аясында облыстық мәдениет, архивтер және  
құжаттама басқармасы мен халық шығармашылығы  
орталығының ұйымдастыруымен мерекелік шара  
өтті. Жиынға қатысқан Жетісу облысы әкімінің  
орынбасары Диас Есдәулетов жиналған қауымды  
құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Айта кетейік, об-  
лысымызда биыл түрлі бағыттағы 240-қа жуық іс-  
шара өткізіледі. Мысалы, Мәдениет және ұлттық  
дәстүр күні аясында Жетісу облысында алғаш

рет бір мезгілде 300 баланың тұсауын кесу рәсімі  
атқарылды. «Шаңырақ» күнінде облыс орталығында  
60 отбасы жаңа баспанаға ие болды. «Ұлттық киім  
күні» Талдықорғанның орталық алаңында ұлттық  
киімдер шеруі, сондай-ақ М.Тынышбаев атындағы  
тарихи-өлкетану мұражайында «Кимешек» көрмесі  
ұйымдастырылды. Оған қоса жалпы облыс бойын-  
ша түрлі чөлленджер, кездесулер өткізілді. Наурыз  
мерекесінің кең көлемде, жаппай бұқаралық сипат-  
та атап өтілетін күні - 22 наурыз. Бұл басты мере-  
ке Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында  
мерекеленіп, биылғы жылдың мерейтойлық датала-  
рына арналған тақырыптық көрмелер қойылған 20-  
дан астам киіз үй тігіледі. Бұл жиындар ұлттық салт-  
дәстүрлерді жаңғыртуға, отбасылық құндылықтарды  
дәріптеу, экологиялық мәдениет қалыптастыруға,  
халық арасындағы достық байланысты нығайтуға оң  
ықпал етеді.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ



## САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты 2023 жылғы 26 желтоқсанда құрылған учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына сайлау комиссиясының мүшелерін тағайындау туралы және 2025 жылғы 29 қаңтардағы «Талдықорған қаласы әкімінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Талдықорған қаласында сайлау учаскелерін құру туралы» №5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №2 шешіміне сәйкес, Талдықорған қаласында жаңа №464, №465, №466 учаскелік сайлау комиссиясы құрылатыны туралы хабарлайды.

Осыған байланысты учаскелік сайлау комиссияларының құрамында өз өкілдері жоқ әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, қалалық мәслихат сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиялары **2025 жылдың 20 наурыздан бастап 04 сәуірге** дейін учаскелік сайлау комиссияларына жаңа кандидаттар бойынша мәслихатқа келесідей құжаттарды тапсырады:

1) Сайлау комиссияларының құрамына белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы кандидаттар туралы мәліметтер;

2) Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партия органының, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (өкілдіктерінің) тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініші;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихаттың сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағына сәйкес көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылған барлық құжаттар электронды және қағаз форматта, қол қойылған, мөрмен расталған болуға және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2025 жылғы 20 наурыздан бастап 04 сәуірге дейін, дүйсенбі-жұма күндері сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін жүзеге асырылады, үзіліс 13-00-ден 14-30-ға дейін.

### ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

Ахажан Темірболат Жанболатұлы – Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Абай к-сі, 256.

Жауапты қызметкер – Ашимжанова Салтанат Тәңірбергеновқызы, каб. №111, қалааралық телефон коды (87282) 24-09-56, электрондық почта мекенжайы: tald.gor.maslihat@mail.ru.

№ р/н	Сайлау учаскелігінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің саны (орын)
<b>14 учаскелік сайлау комиссиясы</b>			
1.	№397	Талдықорған қаласы, «Самал» ш/а, 44, «№12 орта мектеп-гимназиясы» КММ (батыс қанаты)	1
2.	№399	Талдықорған қаласы, Д. Қонаев көшесі, 49, «№14 орта мектеп-гимназиясы» КММ (солтүстік қанаты)	1
3.	№404	Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» ш/а, 14, «М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ	1
4.	№414	Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, 91/97, «Д. Рақышев атындағы қазақ мектеп-интернаты» КММ	1
5.	№415	Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 149, «К. Ушинский атындағы №7 орта мектеп» КММ	1
6.	№416	Талдықорған қаласы, Абылай хан көшесі, 150, Талдықорған қаласының «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейі» КММ	1
7.	№418	Талдықорған қаласы, А. Пушкин көшесі, 205, «А.С. Макаренко атындағы №6 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ	1
8.	№423	Талдықорған қаласы, «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша мамандандырылған ХҚКБ	1
9.	№429	Талдықорған қаласы, «Көктем» ш/а, 9 жер телімі, «№28 ІТ мектеп-лицей» КММ (солтүстік қанаты)	2
10.	№436	Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «№21 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ (батыс қанаты)	1
11.	№463	Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Ынтымақ ауылындағы №30 орта мектеп» КММ	2
<b>Жаңа учаскелік сайлау комиссиялары</b>			
12.	№464	Өтенай ауылы, Ө. Тұңғатов көшесі, 18, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ-нің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар №21 орта мектеп» КММ (оңтүстік-шығыс қанаты)	7
13.	№465	Талдықорған қаласы, «Көктал» шағын ауданы, Шевченко көшесі №16, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Е. Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектеп» КММ, (оңтүстік-батыс қанаты),	7
14.	№466	Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, № 27, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College»	7

Талдықорған қалалық мәслихаты

## К СВЕДЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ!

В соответствии со статьей 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон О выборах) Талдықорғанский городской маслихат сообщает о назначении членов участковых избирательных комиссий вместо выбывших из составов участковых избирательных комиссий, образованных 26 декабря 2023 года, и на основании решения акима города Талдықорған от 29 января 2025 года «О внесении изменений в решение акима города Талдықорған от 13 августа 2020 года №5 «Об образовании избирательных участков в городе Талдықорған» №2 сообщает об образовании новых участковых избирательных комиссий №464, 465, №466.

В связи с этим каждая политическая партия, не имеющая своих представителей в составе участковых избирательных комиссий, вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по новым кандидатам в участковые избирательные комиссии с 20 марта по 04 апреля 2025 года представляют в Талдықорғанский городской маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном форматах;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о предоставлении кандидатур в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, предоставляемые в маслихат в электронном и бумажном форматах, должны быть подписаны, заверены печатью и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 20 марта по 04 апреля 2025 года, с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

### ТАЛДЫҚОРҒАНСКИЙ ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

Ахажан Темірболат Жанболатұлы – председатель Талдықорғанского городского маслихата.

Местонахождение маслихата: город Талдықорған, ул. Абая, 256.

Ответственное лицо – Ашимжанова Салтанат Танирбергеновна, каб. №111, междугородный телефонный код (87282), 24-09-56, адрес электронной почты: tald.gor.maslihat@mail.ru.

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов (мест) в участковых избирательных комиссиях
<b>участковые избирательные комиссии – 14</b>			
1.	№397	город Талдықорған, мкр. «Самал», 44, КГУ «Средняя школа-гимназия №12» (западное крыло)	1
2.	№399	город Талдықорған, ул. Д. Қонаева, 49, КГУ «Средняя школа-гимназия №14» (северное крыло)	1
3.	№414	город Талдықорған, ул. И. Жансүгірова, 91/97, КГУ «Казахская школа-интернат им. Д. Ракишева»	1
4.	№404	город Талдықорған, мкр. «Мүшелтой», 14, КГУ «Средняя школа-гимназия №19 им. М. Жумабаева с дошкольным мини центром»	1
5.	№415	город Талдықорған, ул. Абылай хана, 149, КГУ «Средняя школа №7 им. К. Ушинского»	1
6.	№416	город Талдықорған, ул. Абылай хана, 150, КГУ «Специализированный лицей «Экономика и бизнес» №24 им. Мухтара Арына города Талдықорған	1
7.	№418	город Талдықорған, ул. А. Пушкина, 205, КГУ «Средняя школа №6 им. А.С. Макаренко с дошкольным мини центром»	1
8.	№423	город Талдықорған, мкр. «Восточный», Специализированный отдел по обслуживанию населения филиала НАО «Государственная Корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу (Авто ЦОН)	1
9.	№429	город Талдықорған, мкр «Көктем», КГУ «ІТ школа-лицей №28» (северное крыло)	2
10.	№436	город Талдықорған, с. Отенай, ул. Тунгатова, 18, КГУ «Средняя школа №21 с дошкольным мини центром» (западное крыло)	1
11.	№463	село Отенай, улица А. Тунгатова, 18, КГУ «Средняя школа №30 села Ынтымак» ГУ «Отдел образования по городу Талдықорған Управления образования области Жетісу».	2
<b>Новые участковые избирательные комиссии</b>			
12.	№ 464	город Талдықорған, с. Отенай, ул. Тунгатова, 18, КГУ «Средняя школа №21 с дошкольным мини центром» (западное крыло)	7
13.	№ 465	город Талдықорған, с. Еркін, мкр. «Көктал» ул. Т. Шевченко, 16, КГУ «Средняя школа №11 им. Есжана Берліқожаұлы» (северное крыло)	7
14.	№ 466	Город Талдықорған ул. Кабанбай батыра, № 27, «Zhansugurov College» Жетісуского университета имени Илияса Жансүгірова	7

Талдықорғанский городской маслихат



## ОРТАҚ МҮДДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ — АШЫҚТЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ

«Мемлекеттік қызметші – жоғары моральды жауапкершілік, кәсіби білімін тәжірибеге қолдана алу, адалдық, таза ниеттілік, белсенді өмірлік ұстаным сияқты негізгі қасиеттерге ие болуы шарт, яғни мемлекеттік қызметтегі әр адам өз жұмысының маңыздылығын сезіне отырып өз елінің патриоты болуы тиіс». Бұл орайда мемлекеттік қызметшіге жоғары талаптың қаншалықты жоғары екендігін аңғаруға болады. Мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен құқықтары, жауапкершілігі, аталмыш саладағы жаңашылдықтар мен өңірлік кадр резерві, мемлекеттік қызметтің ашықтығын көрсету барысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Қобылан Манәппен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Қобылан Тоқбергенұлы, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа форматы туралы жиі айтылып жүр, осы саладағы жаңашылдықтар туралы айтып өтсеңіз.

– Конкурстық іріктеудің жаңа тәсілі – мемлекеттік қызметке азаматтарды қабылдаудағы ашықтықты, адами фактордың қатысуын болдырмау мақсатында өткен жылы енгізілді. Бұл іріктеу тәсілі қазіргі уақытта еліміздің бірқатар өңірлері мен орталық органдарында пилоттық сынақтан өткізіліп отыр. Біздің Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдары 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы іріктеуге көшті. Конкурстың жетілдірілген тәртібі үміткерлерге «Е-қызмет» жүйесінің сыртқы порталы арқылы әлемнің кез келген нүктесінен және кез келген уақытта конкурста қатысуға мүмкіндік береді. Бұл ретте тестілеуден өту қағидаларын сақтауды прокторинг жүйесі қамтамасыз ететін болады. Конкурстың жаңа рәсімі ең аз балл жинаған үміткерлерді автоматты түрде кезең-кезеңмен алып тастауды, ең жақсы нәтиже көрсеткен үш үміткердің әңгімелесу кезеңіне қорытынды рұқсатты көздейді. Ал, конкурс рәсімі бірнеше кезеңді қамтиды:

**БІРІНШІ:** 4 нормативтік құқықтық актіні: Конституция, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі бойынша заңнаманы білуге тестілеу (нормативтік құқықтық актілер санын 9-дан 4-ке дейін қысқарды);

**ЕКІНШІ:** қабілеттілікке тестілеу – конкурста қатысуға құжаттар тапсырылғаннан кейін өткізілетін кезең (әрбір бос орынға өткізіледі);

**ҮШІНШІ:** эссе жазу – барлық басшылық лауазымдар үшін міндетті. Бұл ретте мемлекеттік органдарға атқарушы лауазымдар үшін осы талапты өз қалауы бойынша белгілеу құқығы беріледі. Эссе тақырыбы нақты мемлекеттік лауазымның функционалына қарай анықталады;

**ТӨРТІНШІ:** конкурстық комиссиямен әңгімелесу кезеңі пулы алдын ала қалыптастырылатын мемлекеттік органның өкілдерінен және тәуелсіз сарапшылардан тұрады.

– Президенттің Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің ротациясын реттейтін нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу мәселесіне тоқталып өтсеңіз. Яғни, қандай Заңның негізінде жүргізіледі және қалай жүзеге асырылады? Ротацияға қандай мемлекеттік қызметшілер жатқызылады және ротация жасау барысында қандай талаптарды сақтау қажет? Ротация жүргізу барысында мемлекеттік қызметшілерге қатысты ескерілетін жағдайлар бар ма?

– «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығына сәйкес, Рота-

ция жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленеді және мемлекеттік қызметшілерге ротация жүргізу тәртібі мен мерзімдерін, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдарын айқындап береді. Мемлекеттік қызметшінің ротациясын мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілерін лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға құқығы бар адам (үкілетті адам) жүзеге асырады. Ротациялауға барлық мемлекеттік қызметшілер жатқызылмайды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының, Департамент басшылары, Департамент басшыларының орынбасарлары, жергілікті атқарушы органдардың басқарма басшылары, басқарма басшыларының орынбасарлары және аудан әкімдерінің орынбасарлары (В-1, В-2, С-1, С-2, С-О-1, С-О-2, D-О-1, D-О-2 және E-1 санаттары) ротацияланады. Ротациялау бос мемлекеттік өкімшілік лауазымдарға және «Б» корпусының қызметшілері арасында лауазымдық ауыстыру жолымен жүзеге асырылады. «Б» корпусы қызметшілерінің ротациясы олардың соңғы атқаратын лауазымына тағайындалған күнінен бастап әрбір төрт жыл сайын жүргізілуі тиіс. Бұл ретте аталған мерзім мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылғаннан, құрылымы не лауазымдардың атауы өзгергеннен кейін бұрын атқарған лауазымдық өкілеттігеріне сәйкес келетін, бұрын атқарған лауазымдарына тең дәрежедегі лауазымдарға қайта тағайындалған жағдайда қайта басталмайды. Сонымен бірге, бұрын атқарған және бұл лауазымнан өз еркімен не өзге лауазымға тағайындалуына байланысты босатылған лауазымға бір жыл ішінде тағайындалған жағдайда ротациялау мерзімі бұрын атқарған кезеңмен қоса есептеледі. Ал, егер мемлекеттік қызметші әлеуметтік демалысқа шықса немесе еңбекке уақытша жарамсыз болуына байланысты және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, шет елдердегі мекемелерге, сондай-ақ өзге де ұйымдарға іссапарға жіберіліп, екі айдан астам уақыт жұмыста болмаған кезең қосылмайды. Ротация жүргізу кезінде мемлекеттік қызметшілерді басқа елді мекенге көшуге байланысты мүгедектігі бар адам, жүкті болып табылатын, он төрт жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған, мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар, яғни, қорғаншы болып табылатын жалғызбасты ата-ана, көпбалалы ата-ана болып табылатын немесе асырауында мүгедектігі бар ата-анасы не зейнеткер ата-анасы бар болған жағдайда мемлекеттік қызметшілердің келісімімен ғана ротацияға жол беріледі. Сонымен бірге, осы аталған мән-жайлар құжат түрінде расталуы тиіс.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде еліміздің әр облысында, республикалық маңызы бар қалаларында және Астанада өңірлік кадр резервтері қалыптастырылды. Жобаның негізгі мақсаты — жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту. Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік өкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімді 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысты. Іріктеу құжаттарды қабылдау, Заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу, құзіреттерді бағалау, комиссиядағы құрылымдық сұхбат кезеңдерінен тұрды. Іріктеуге 300 азамат қатысып, Жетісу облысының Өңірлік кадр резервіне 20 азамат қабылданды. Өңірлік кадр резервінде болу мерзімі 2 жылды құрайды. Осы уақыт ішінде сайланатын және басқарма басшысы (D-О-1 санаты) лауазымдарын қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардағы «Б» корпусының мемлекеттік өкімшілік лауазымдарына конкурссыз, яғни, үкілетті органның аумақтық бөлімшесінің келісімі арқылы тағайындала алады.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2024 жылғы 6 сәуірге №71-VIII Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап карантинге жатқызылған өнімді облысарлық тасымалдау кезінде карантиндік сертификаттың (карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік фитосанитариялық қауіпсіздігін растайтын рұқсат беру құжаты) болуы жөніндегі талабы алынып тасталды.

Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

1. «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге екетуге фитосанитариялық сертификат беру»  
– Фитосанитариялық сертификат немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда ресімделеді. Фитосанитариялық сертификатты немесе оны беруден уәжді бас тартуды ресімдеу өтінішке карантинге жатқызылған өнімнің мәлімделген партиясының межелі елдің карантиндік фитосанитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса берілген карантинге жатқызылған жылдам бұзылатын өнімді (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) Қазақстан Республикасының аумағынан өкту үшін фитосанитариялық сертификат беруге арналған өтініш келіп түскен кезде 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2. «Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді



## ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңының 13 және 14-5 баптарына сонымен қатар, 24.07.2020ж. № 237 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуға жүргізеді және үкілетті органға фитосанитариялық есептілікті табыс етеді.

Яғни, барлық пестицидтерді қолданушы шаруашылықтар бекітілген нысандар бойынша тиісті уақытта фитосанитариялық есептерді өз аудандық аумақтық инспекцияларға тапсыруға міндетті.

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын атай кетелік.

1. пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет 10 шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

2. пестицидтерді, биоагенттерді қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет;

3. пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын 10 қаңтарға дейін;

(карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу»

– Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді (карантиндік зиянды организмдерді) әкелуді келісу немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда ресімделеді.

3. «Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру»

– Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) сүректі қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерге есепке алу нөмірін беру немесе оны беруден уәжді бас тарту өтініш берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қағаз нысанда ресімделеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;

3) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Карантинге жатқызылған өнімдерді шығару және кіргізу бойынша туындаған сұрақтар бойынша Талдықорған аумақтық қалалық инспекцияға Біржан сал көшесі №9 хабарласуыңызға болады. Тел.: 8(7282) 32-78-19. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтер ТЕГН ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

М. КУШЕВА,

Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

4. химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті өз өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әрбір айдың 10-күніне дейін;

5. тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

Осы көрсетілген фитосанитариялық есептерді орындамағандар мен есеп бермеушілер 2002 жылғы 3 шілдедегі «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 14-5 баптар талаптарын бұзған, орындамаған болып табылады.

Осыған байланысты өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар есеп бермеген жеке және заңды тұлғаларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 403 бабының тиісті тармақтарына сәйкес жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша және өсімдіктерді қорғау саласына байланысты басқа да сұрақтар болса Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына хабарласып кеңес алуыңызға болады. Талдықорған қаласы, Біржан сал көшесі №9. Тел.: 32-78-19.

П. ИМАНҒАЗЫ,

Талдықорған қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы



## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІН БЕРУ ЖӘНЕ РАСТАУ

«Үздіксіз кәсіби даму нәтижелерін растау, денсаулық сақтау қызметкерлерінің біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес денсаулық сақтау қызметкерлерінің біліктілік деңгейлерін беру және растау жүйесі енгізіледі. Бұл үшін олар үздіксіз кәсіби даму іс-шаралары бойынша кем егенде 210 сынақ бірлігін (СБ) жинауы тиіс. Сондай-ақ оларға ҰТЕО-дан білім мен дағдыларды бағалаудың оң нәтижелері бар қорытынды ұсыну қажет болады.

Сертификаттары аяқталған медицина қызметкерлері тиісті біліктілік санатына оның мерзіміне байланысты үміткер бола алады. Егер біліктілік санаты 2021 жылға дейін аяқталса, онда біліктілік сақталмайды, егер 2021 жылғы 5 қаңтардан бастап 2024 жылға дейін - маман бұрын алған баламалы біліктілік деңгейіне үміткер болуға құқылы. Санаты жоқ медицина қызметкерлері ҰҚД талаптарын орындаған жағдайда екінші біліктілік санатына үміткер болуға құқылы болады.

Бүгінгі күні «Денсаулық сақтау» саласының салалық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейін беру және (немесе) растау Қағидаларға сәйкес бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген білім мен дағдыларды бағалау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Салалық біліктілік шеңберінде білім деңгейіне және орындайтын функцияларына байланысты мынадай біліктілік деңгейлері көзделген:

- техникалық және кәсіптік білім алған ОМҚ - 4.0. (санатсыз), 4.1. (екінші), 4.2 (бірінші), 4.3 (жоғары);

- ОМҚ (қолданбалы бакалавриат) - 5.0, 5.1, 5.2, 5.3;

- ОМҚ (академиялық бакалавриат) - 6.0, 6.1, 6.2, 6.3;

- дәрігерлер - жоғары оқу орнынан кейінгі білім (бакалавриаттың меңгерілген бағдарламасы негізінде магистратура) және (немесе) практикалық жұмыс тәжірибесі; немесе жоғары базалық медициналық білім (интернатура) және (немесе) үздіксіз интеграцияланған медициналық білім - 7.0 (I);

- дәрігерлер - жоғары оқу орнынан кейінгі білім (резидентура) сертификаттау курсы (мамандану үшін \*) - 7.1 (R);

Бастапқы біліктілік деңгейлері 4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I), 7.1 (R) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес СБШ-ға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың түлектеріне беріледі.

Мамандандыру бойынша біліктілік деңгейі «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандықтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығына сәйкес негізгі мамандық шеңберінде беріледі.

Бірінші кезеңде қызметкердің ҰҚД -ын растауды персоналды басқару қызметі және денсаулық сақтау ұйымының басшысы жүргізеді.

Одан кейін маман Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығында бейіні бойынша тестілеуден өтеді, содан кейін қорытынды шығарылады (білім мен дағдыны бағалау нәтижесі).

Қолданылу мерзімі 01.01.2021 жылдан 2024 жылға дейінгі санат беру туралы куәлігі бар медицина қызметкерлері 210 СБ (жоғары санат үшін) санында ҰҚД (персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы куәландырған) растайтын құжаттарын қоса бере отырып, білімі мен дағдыларын бағалаудан өткізе отырып, баламалы санатқа біліктілік деңгейін беруге өтінім береді.

Қолданылу мерзімі 01.01.2021 жылға дейінгі санат беру туралы куәлігі бар медицина қызметкерлері ҰҚД растайтын құжаттарын қоса бере отырып, білімі мен дағдыларын бағалаудан өте отырып, біліктілік деңгейін беруге өтінім береді (персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы куәландырған) саны 210 СБ (екінші санат - 150/50/10), яғни куәліктердің қолданылу мерзімін ұзарту мүмкіндігін пайдаланбағандықтан, екінші біліктілік санатына баламалы деңгейге үміткер бола алады.

Санаты жоқ медицина қызметкерлері ҰҚД талаптарын орындаған жағдайда екінші біліктілік санатына үміткер болуға құқылы болады.

Біліктіліктің жаңа деңгейін алу үшін медицина қызметкері келесі кезеңдерден өтеді:

1) үздіксіз кәсіби даму іс-шаралары - қосымша, бейресми білім беру және қосымша құзыреттер. Медицина қызметкерінің біліктілігінің тиісті деңгейіне үздіксіз дамуын медицина қызметкері жұмыс істейтін ұйымның басшысы растайды.

2) білім мен дағдыларды бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымнан қорытынды алу - «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы».

3) «e-Icense» порталы арқылы сертификаттау шеңберінде өтінімді құжаттармен бірге ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаментіне жіберу.

Маман сертификаты мен біліктілік деңгейін растау әрбір 5 жыл сайын жүргізіледі.

Өз деңгейін растаған кезде маманға тек үздіксіз кәсіби даму қажет (тестілеу көзделмеген).

Қызмет алушыларға ақпарат үшін: ҚР ӘҚБК 432-бап сәйкес - Медициналық, фармацевтикалық қызметпен айналысуға рұқсат беру құжаттарын алу кезінде, оның ішінде құжаттарды бұрмалау арқылы көрінеу жалған мәліметтер мен ақпарат беру, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс - әрекет белгілері болмаса, - жеке тұлғаларға-он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне-он бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне айыппұл салуға әкеп соғады - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне-отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Туындаған сұрақтар бойынша «ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ-ге мына мекенжай бойынша хабарласуға болады: Талдықорған қаласы, Гаухар көшесі, №87 А ғимараты немесе 8 (7282) 24-11-76 телефоны арқылы.

## БАЛАЛАРДАҒЫ ЭПИДЕМИЯЛЫҚ ПАРОТИТ

Паротит (свинка, эпидемический паротит) - бұл безді мүшелерге әсер ететін жедел вирустық ауру. Паротит көбінесе 15 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге кездеседі. Паротитпен бір рет ауырады, аурудан кейін адам өмір бойы иммунитетті қалыптастырады. Паротиттің қоздырғышы- парамиксовирустар тұқымдасының вирусы.

### СЕБЕПТЕРІ

Ауру жұқтырған адамнан ауа-тамшылы жолмен жұғады. Денеге енгеннен кейін вирус жоғарғы тыныс жолдарында дами бастайды, қанға еніп, безді мүшелерге әсер етеді. Адам науқаспен тығыз байланыс кезінде немесе тұрмыстық заттар арқылы жұқтырылуы мүмкін. Ауру кез келген бездерге, ең алдымен сілекей безіне, сондай-ақ ұйқы безіне, қалқанша безіне, қалқанша маңы безіне, тестикулаларға, сүт бездеріне және т. б. әсер етуі мүмкін.

### БЕЛГІЛЕРІ

Инфекция жұқтырған кезден бастап алғашқы белгілер пайда болғанға дейін әдетте 2-3 апта өтеді. Алғашында паротит белгілері суық тиюге өте ұқсас:

- ▶ қалтырау;
- ▶ әлсіздік;
- ▶ бас ауруы;
- ▶ бұлшық ет ауруы;
- ▶ тәбеттің төмендеуі.

1-2 күннен кейін айқын белгілер пайда болады, мысалы:

- ▶ зақымдалған бездер аймағында ісіну, ісіктер;
- ▶ құрғақ ауыз;
- ▶ шайнау немесе жұту кезіндегі ауырсыну;
- ▶ мойынның ісінуі;
- ▶ тілдің ісінуі.

### ДИАГНОСТИКА

Диагностикалық шаралар кешеніне мыналар кіреді:

- ▶ анамнез жинау;
- ▶ науқасты тексеру;

▶ кері транскрипциясы бар полимеразды тізбекті реакция (ПТР) ;

▶ қан, зәр, нәжіс, сілекей безінің секрециясы, жұлын сұйықтығын зертханалық зерттеу;

▶ серологиялық тестілеу.

### ЕМДЕУ

Аурудың ауырлығына байланысты емдеу үйде немесе стационарлық жағдайда болуы мүмкін.

Емдеу кезінде науқасқа тағайындалады:

- ▶ төсек демалысы;
- ▶ арнайы диета сұйық тағамның басым болуы;
- ▶ көп сұйықтық ішу;
- ▶ ауыз қуысын шаю;
- ▶ қажет болса спазмолитиктер, ферменттер, анальгетиктер тағайындалады.

### АСҚЫНУЛАРЫ

Паротитті уақтылы емдемеу көптеген асқынуларды тудыруы мүмкін, мысалы:

▶ серозды, паротитті менингит;

▶ аналық бездердің қабынуы, олардың атрофиясы, бедеулік;

▶ паротит энцефалиті;

▶ саңыраулық;

▶ қант диабеті;

▶ артрит;

▶ миокардит;

▶ құрысулық синдром;

▶ жүйке жүйесінің зақымдануы;

▶ ақыл-ой дамуының артта қалуы.

### АЛДЫН АЛУ

Алдын алудың негізгі әдісі – вакцинация. Егу екі компонентті біріктірілген екпе, ол қызамық, қызылша және паротиттен қорғайды. Бірінші доза 12 айдан 18 айға дейін, екіншісі 2 жастан 6 жасқа дейін қойылады.

Әрбір адамның денсаулығы өз қолында!

### А. НҰРАХМЕТ, «Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің жетекші маманы

## САЛАУАТТЫЛЫҚ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ВЕЙПТЕР МЕН ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІЛЕРДІ ӘКЕЛУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Қазақстан Республикасына вейп пен электрондық темекіні әкелуге қатаң тыйым салынытынын хабарлайды.

ҚР ҚК-нің 301-1-бабының 2 және 3-тармақтары бойынша вейптерді әкелгені үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Шегілмейтін темекі бұйымдарын, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), хош иістендіргіштер мен олар үшін сұйықтықтарды әкелу, өндіру – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, немесе алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады, мүлкі тәркіленіп немесе тәркіленбей бас бостандықтарынан айырылады.



## СЕРГЕКТІК СЕЗІМ БЕРЕТІН – У

Қазіргі уақытта энергетикалық сусындар жастар мен жұмысбасты адамдар арасында кеңінен қолданылады. Оларды көбінесе шаршауды басу, зейінгі арттыру және күш-қуат жинау үшін ішеді. Алайда бұл сусындардың уақытша әсерінен гөрі, денсаулыққа ұзақ мерзімді зияны әлдеқайда басым. Ал оның қандай зиян беретінін білесің бе?

Энергетикалық сусын – құрамында ынталандыратын заттардан тұратын сусын түрі. Нақтырақ айтқанда құрамы: көп мөлшерде кофеин, өсімдіктік стимулдаушы заттар яғни гуаранин, таурин және женьшень сияқты басқа да заттардан тұрады. Кофеин бұл өсімдектен алынатын стимулдаушы зат. Оның қызметі адам организміне түскенде жүйке жүйесін қатты белсендіреді, соның әсерінен жүйке жасушалары шамадан артық жұмыс жасайды. Кофеин әсерін тез сезетін боламыз: қан тамыр қысымы артады, ойша және физикалық жұмыс істеу қасиеті артады, өзімізді энергияға бай ері ұйқыдан тұрғандай сезім береді. Бұл керемет сезімдер жақсы көрінгенімен олардың кері әсері өте көп. Атап айтсақ, қарапайым тахикардия (жүректің шамадан тыс көп соғуы) көрінісін көреміз. Ал тахикардия кесірінен жүректің жұмысы бұзылып өлімге әкеледі. Бұл тек бастамасы. Гуаранин келетін болсақ, ол адам организміне түскенде кофеинден 40 есеге жүйке жүйесін қоздырады, оған дәлел адам бастапқы 1-2 сағат өте белсенді болады, бірақ біраз уақыттан кейін адамның қатты ұйқысы келіп, энергиясын қалпына келтіріп үлгері алмай қалады. Энергетикалық сусын-



дар құрамындағы таурин алғашында бұқаның өтінен алынған. Сондықтан бұл заттың атауы «Taurus» (латынша «бұқа») сөзінен шыққан. Бүгінде тауринді жасанды жолмен өндіреді, бірақ көптеген адамдар оны әлі күнге дейін табиғи түрде алынады деп ойлайды. Сонымен қатар, сусындардың жарнамасы оларды қауіпсіз және пайдалы етіп көрсетеді. Әлеуметтік желілерде танымал адамдардың бұл өнімдерді жиі жарнамалауы жастар арасында олардың қауіпсіздігіне деген жалған сенім қалыптастырады. Денсаулықты сақтау үшін табиғи сергектік көздерін іздеу маңызды. Дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйықтау және спортпен айналысу – күш-қуат алудың әлдеқайда тиімді жолдары. 2017 жылы АҚШ-та бір жасөспірім 2 сағат ішінде энергетикалық сусын, кофе және газдалған сусын ішкеннен кейін жүрек тоқтауынан қайтыс болған. Дәрігерлер оның өліміне шамадан тыс кофеиннің әсер еткенін анықтады. Бұл оқиға энергетикалық сусындарды шектен тыс тұтынудың қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді.

Энергетикалық сусындар уақытша сергектік бергенімен, олардың ағзаға тигізетін зияны әлдеқайда көп. Кофеин, гуаранин, таурин секілді заттар жүйке жүйесін шамадан тыс қоздырып, жүрек қызметіне кері әсерін тигізеді. Әсіресе, жастар арасында олардың қауіпсіздігіне деген жалған сенім бар, бұл жағдайды одан әрі ұшықтырады. Сондықтан денсаулықты сақтау үшін табиғи әдістерге жүгіну қажет: дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйқы және спортпен шұғылдану – нағыз сергектік пен күш-қуаттың қайнар көзі.

Орындаған:  
Мирас ДУМАНОВ, Бексұлтан АРЖОУОВ,  
Жетекшісі:  
Айжан БЕЙСЕНОВА





## НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары Наурыз мейрамының онкүндігі аясында киіз үй, халық аспаптары және алтыбақанғар түріндегі тақырыптық инсталляциялармен таныса алады.

14-23 наурыз аралығында орталық алаңда қолөнершілер жәрмеңкесін ұйымдастыру қолға алынған.

Наурыз мейрамын ресми мерекелеу шаралары 22 наурызда «Жастар» спорт кешенінің аумағында өтеді. Мереке аумағында 21 киіз үй орнатылып, қазақтың дәстүрлері мен мәдениеті кеңінен таныстырылады. Мереке қонақтары наурыз көже мен бауырсақтан дәм татып, қолөнер көрмелерін, спорттық жарыстарды, шеберлік сыныптарын, этномәдени орталықтардың қойылымдарын және концерттік бағдарламалар мен театрландырылған қойылым тамашалай алады.

23 наурызда ауылдық округтерде мереке атап өтіліп, концерттік бағдарламалар мен спорттық жарыстар өтеді. Сонымен қатар, сол күні облыс орталығында «Тазару күні» экологиялық акциясы ұйымдастырылады.

### ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ

## ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!



Көктемнің алғашқы күні «Алғыс айту» мейрамымен басталып, «Көрісу күнімен» жалғасып, Ұлыс күні Наурызбен аяқталатын аталмыш ай қазақ халқы үшін ерекше. Олай дейтінім, Наурыз – көктемнің алғашқы күні, табиғаттың жаңаруын, тіршіліктің қайта оралуын тойлайтын ерекше мейрам. Бұл күнде адамзат бір-біріне жақсы тілектер айтып, бірлік пен достықты нығайтып, қуанышқа кенеледі. Наурыз – еліміздің мәдениеті мен дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін құнды мұра.

Әр халық Наурызды өзінше атап өтсе де, оның түпкі мақсаты ортақ: ол жаңа кезеңнің басталуын, үміт пен болашаққа деген сенімді білдіреді. Осы мерекеледе адамзаттың ортақ құндылықтары – адалдық, қайырымдылық пен достық ерекше мәнге ие болады.

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін!

Салтанат ЖАНАБЕРЛИЕВА,  
Б.Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицей директоры

### НАЗАРҒА АЛ!

## ӨРТКЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Өрттің қауіпті кезеңіне дайындық шеңберінде ТЖ министрлігі орман және гала өрттерінің туындау және оларды жою тәуекелдерін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі.

Табиғи өрттердің туындау қаупін азайту мақсатында азаматтардан өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау қажет. Мәселен, көктем шығысымен тұрғын үй, ғимараттар айналасын тазалау жұмыстары қолға алынады. Осы тұста қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет. Мәселен, рұқсат етілмеген от жағу, ауыл шаруашылығы алқаптарында құрғақ шөптің бақылаусыз қалуы, сабанды жағу және орман мен дала алқаптарында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 336, 367, 410-баптары бойынша әкімшілік жауапкершілік көзделгеніне назар аударамыз. Егер де табиғи өрт туындаған жағдайда өртке қарсы қызметке 101, 112 телефондары бойынша дереу хабарлауды сұраймыз.

А. НҰРТАЕВ,  
Талдықорған қаласы,  
ТЖБ аға инженері,  
Азаматтық қорғау капитаны

### МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Газет 1992 жылдың 2-ші наурызынан шыға бастады

**Талдықорған**

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР  
НҰРШАНОВА  
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02  
E-mail: taldyk@bk.ru  
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.  
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.  
Талпырыс №303 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## КӨКТЕМНІҢ ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІ

Президентіміз Касым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады» - дей келе, мерекеге үлкен баға берген еді.

Наурыз - көктем мен жаңарудың, ақ көңіл мен татулықтың, бірлік пен ізгіліктің мерекесі. Әр жыл сайын бірлігі мен жасампаздығы, әлеуеті мен дәстүрі артып келе жатқан еліміз өркендеп, қуаты арта берсін. Халқымызға Наурыз мерекесі бақ-береке, амандық, жақсылық, қуаныш әкелсін. Көгілдір көктем мерекесімен талдықорғандықтарды құттықтаймын. Әрбір күніміз Наурыз күніндей шуақты болсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын.



Самғат ДОЛАЕВ,  
«Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» КММ директоры

## Қаңтарбай СӘРСЕНБАЙ



2025 жылдың 19 наурыз күні Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері Қаңтарбай Сәрсенбай Көксу ауданы, Алғабас ауылында 101 жасында өмірден өтті.

Ол жер жаннаты атанған Жетісу өңіріндегі Көксу ауданына қарасты қазіргі Балпық би кентінде 1924 жылы туған. Мұқыры орта мектебін 1942 жылы бітірген соң 18 жасында әскерге шақырылады. Аяғаз қаласында кіші командирлер даярлайтын алты айлық курстан өтіп, сержант дәрежесін иеленеді. Бұдан кейін Түркменстанның Мары қаласындағы пулеметшілер училищесінің офицерлер даярлайтын бір жылдық курсына жолдамамен жіберіледі. Курста оқып жүріп салмағы 65 келі келетін екі метрлік ірі калибрлі станоктің құрылысын үйреніп шығады. Рота командирінің бұйрығымен автоматшылар бөлімшесінің командирі болып тағайындалады. Бөлімшедегі 37 жауынгерді үш ай бойы түрлі әскери жаттығулар жасатып, соғыс тәсілдерін үйретеді. Содан кейін майданға аттанады. Шығыс Пруссияның Шяуляй қаласын, Литас, Латвия, Польша жерлерін жаудан қорғауға қатысады. Майдан даласында жүріп, 1945 жылғы 21 қаңтардағы шайқаста екі қолынан ауыр жарақаттанады. Госпитальда алты ай емделеді. Осында жатып Жеңіс күнін қызметтен алып, салтанатты шеруге қатысу құрметіне ие болады. Туған жерге екінші топтағы мүгедек болып оралады. Екінші дүниежүзілік соғыстағы жауынгердің қызметі жоғары бағаланып, бірінші және екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталады.

Майданнан туған елге келіп, бейтарап еңбекке араласқан Қаңтарбай Сәрсенбай қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Панфилов педагогикалық училищесін бітіреді. Талапты, Алғабас жетіжылдық мектептерінде дене шынықтыру пәнінен сабақ береді. Быжы ауылдық кеңесінде хатшы, есепші қызметтерін атқарады. Пошта және байланыс бөлімшесін 15 жыл басқарып, абыройлы еңбек етеді. 1980 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. Соның нәтижесінде «Еңбек ардагері», «Астананың 10 жылдығы» медальдарын өңіріне тағады. «Көксу ауданының Құрметті азаматы» атағы беріледі.

Құдай қосқан қосағы Бәтима Нүсіпқызы екеуі шаңырақ көтеріп, тағдыр қосып, ұрпақтарын өсіріп, үбірлі-шүбірлі отбасына айналды. 11 баланы өмірге әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырады. Олардан 25 немере, 15 шөбере сүйген берекелі әулет болды.

Марқұмның жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын. Отбасы қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Талдықорған қаласының әкімдігі

Талдықорған қалалық мәслихаты Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері

### Қаңтарбай СӘРСЕНБАЙДЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы, бала-шағасына қайғырып көңіл айтады.

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері

### Қаңтарбай Сәрсенбайдың

қайтыс болуына байланысты отбасына, артында қалған ұрпағына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Из жизни ушел **Ализаде Муслум-оглы МУСАЕВ** (01.06.1959 – 15.03.2025) – уважаемый предприниматель, общественный деятель, депутат маслихата двух созывов, внесший значительный вклад в развитие Талдықорғана.

Будучи руководителем ТОО «Жигули», он способствовал благоустройству города, озеленению улиц, строительству и ремонту дорог, созданию рабочих мест и развитию пассажирских перевозок. Благодаря его усилиям реализованы важные социальные и инфраструктурные проекты, улучшившие жизнь горожан.

Ализаде Муслум-оглы обладал высокой ответственностью, преданностью своему делу и искренним стремлением помочь людям. Его трудолюбие, инициативы и доброе сердце оставили глубокий след в истории города и памяти его жителей.

Выражаем искренние соболезнования родным и близким покойного. Пусть земля ему будет пухом!

Аким г. Талдықорған Ернат Бәзіл,  
председатель городского маслихата Темирболат Ахажан

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.